



**Қарағанды облысында білім беруді дамытудың  
оқу-әдістемелік орталығы**

**Қарағанды облысы  
білім беру ұйымдарындағы  
жасөспірімдер арасында өз-өзіне  
қол жұмсаудың алдын алу бойынша  
әдістемелік нұсқаулық**

**Методические рекомендации  
по профилактике суицида  
среди несовершеннолетних  
в организациях образования  
Карагандинской области**

**Қарағанды 2018**

УДК 371  
ББК 74.20  
М - 54

**Құрастырушы:** «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК қосымша білім беру және тәрбиелік-ұйымдастырушылық инициативаларды дамыту бөлімі

**Составитель:** КГКП «Учебно-методический центр развития образования Карагандинской области», отдел дополнительного образования и развития организационно-воспитательных инициатив

**М - 54 Қарағанды облысы білім беру ұйымдарындағы жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу бойынша әдістемелік нұсқаулық.** – Қарағанды: ҚО ББД ОӘО, 2018. – 96 б.

**Методические рекомендации по профилактике суицида среди несовершеннолетних в организациях образования Карагандинской области.** – Караганда: УМЦ РО КО, 2018. – 96 с.

ISBN 978-601-7950-21-7

*Әдістемелік нұсқаулық Қарағанды облысының прокуратурасымен; Қарағанды облысы ІІБ ЖПҚ ЮПБ; Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасымен келісілген.*

*Методические рекомендации согласованы с прокуратурой Карагандинской области; ОЮП МПС ДВД Карагандинской области; управлением здравоохранения Карагандинской области.*

Әдістемелік нұсқаулықта жалпы білім беру ұйымдарындағы жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу бойынша материалдар берілген.

Бұл әдістемелік нұсқаулық педагог-психологтарға, білім беру ұйымдарының басшыларына, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған.

Нұсқаулықтағы материалдар тек ұсыныстық сипатта.

В методических рекомендациях представлены материалы по профилактике суицида среди несовершеннолетних в организациях общего среднего образования.

Настоящие методические рекомендации адресованы руководителям организаций образования, педагогам-психологам, заместителям директоров по воспитательной работе, социальным педагогам.

Предлагаемые материалы носят сугубо рекомендательный характер.

ҚО ББД ОӘО әдістемелік кеңесі ұсынады  
07.06.2018 ж. № 3 хаттама  
Рекомендовано методическим советом УМЦ РО КО  
протокол № 3 от 07.06.2018 г.

УДК 371  
ББК 74.20

ISBN 978-601-7950-21-7

## Мазмұны

<b>Кіріспе</b>	<b>4</b>
<b>I бөлім. Балалар – суицид құрбандары</b>	<b>5 -7</b>
<b>II бөлім. Суицид, суицидтік жүріс - тұрыс белгілері</b>	<b>8 - 15</b>
1. Суицид ұғымы туралы	8
2. Суицидтік тәуекел тобы	8
3. Өз-өзіне қол жұмсаудың түртікілері мен себептері	8 - 12
4. Суицидтік ниеттердің шкалалары	12 - 15
<b>III бөлім. Дағдарыстағы адамға көмек көрсету</b>	<b>16 - 20</b>
<b>IV бөлім. Мектепте суицидтік жүріс-тұрыстың алдын алу</b>	<b>21 - 29</b>
<b>V бөлім. Қарағанды облысында өз-өзіне қол жұмсаудың алдына алу бойынша іс-шаралар</b>	<b>30 - 49</b>
1. Қарағанды облысында жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу Жобасын енгізу бойынша жол картасы	31
2. Өз-өзіне қол жұмсаудың барлық деңгейлерінде сектор аралық өзара ықпалдастық алгоритмі	31 - 34
3. Мобильді топтың жұмысы бойынша материалдар	35 – 44
4. Ақпараттар ағынын қауіпсіз пайдалану	45 – 48
Әдебиеттер тізімі	49

## КІРІСПЕ

Бала өмірдің басталуын бейнелейді, оның алдында сан тарау жолдар мен мүмкіндіктер тұрады, адамның өмірде көретіндерінің барлығы әлі алда тұрады. Бала өлімі, ақылға сыймастай еш қисынсыз және ең қайғылы оқиға болар. Егер ауыр науқастан болған өлімді қалай болғанда да көндігіп, қабылдауымызға тура келетін болса, өзіне-өзі қол жұмсаудың салдарынан келген өлім ашық күнде найзағай ойнағандай болары хақ. Адамдар бұл қорқынышты шындықты – баланың немесе жасөспірімнің өмірден өз еркімен кетуін қабылдаудан бас тартады.

Өз-өзіне қол жұмсау әлемдегі өлім себептерінің ішінде сегізінші орында болса, мәжбүрлі өлім себептерінің арасында алғашқы орында тұр. Күн сайын әлемде 3 мыңдай адам өмірден өз еркімен кетеді. Суицидтің кесірінен жыл сайын бір миллиондай адам жарық күнмен қоштасса, 10 миллион мен 20 миллионның арасында суицидтік әрекет жасалады. Өз-өзін өлімге қиятындардың арасында әсіресе жастардың үлесі жоғары: ол 15 пен 44 жас аралығындағы адамдардың өлім себептері тізімінде алғашқы үштікке кіреді, ал өлім себептерінің жалпы статистикасында 13-ші орында.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының және Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының 2012 және 2013 жылдардағы мәліметтері бойынша Қазақстан суицидтен қайтыс болған жасөспірім ұл балалар саны бойынша екінші, ал жасөспірім қыз балалар саны бойынша бірінші орында. 10-14 жас аралығындағы жасөспірім ұл балалар мен қыз балалардың қайтыс болу коэффициентінің деңгейі бойынша Қазақстан бірінші орынға шыққан.

2004 жылы Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы (БӘДСҰ) «мектеп жастар арасында денсаулықты нығайту мен алдын алу бойынша іс-шараларды жүргізуге ең қолайлы орын» деп анықтады. Мектеп – бұл жасөспірімдердің үйінен тыс уақытының көп бөлігін өткізетін жер, мұнда жеке дағдылардың дамуымен қатар, салауатты өмір салты қалыптасады, сонымен бірге мектеп дегеніміз - түрлі маңызды қиындықтарға толы өмір кезеңдерімен тығыз байланысты. Бұл өз кезегінде суицидтік жүріс-тұрысқа бейім жасөспірімдерді анықтауға болатын ең қолайлы орын болып табылады.


Бүгінгі таңда суицидтік тәуекелге баруды анықтауға бағытталған психодиагностикалық құралдардың сан алуан түрі бар, алайда олардың барлығын бірдей мектеп жасындағы және жасөспірімдік кезеңдегі балаларға қолдануға келе бермейді. Әрбір нақты жағдайда психолог зерттеу мақсаттарына, сыналушылардың психологиялық, жастық ерекшеліктеріне және т.б. анағұрлым сәйкес әдістемелерді өз бетінше таңдайды. Дегенмен, өз-өзіне қол жұмсауға тәуекел етудің шынайы деңгейін бағалау, алдын алу шараларын тиімді жоспарлау мен жүзеге асыру, сонымен қатар қажетті жағдайда коррекциялық іс-шараларды атқару кешенді түрде психологиялық диагностика жасау арқылы ғана мүмкін болмақ.

## I бөлім. Балалар – суицид құрбаны

«2016 жылы ҚР балалардың жағдайы туралы» Баяндама нәтижелері бойынша жасөспірімдердің өз еркімен өмірден кетуі мәселелі сұрақ ретінде көтерілген болатын. Елімізде өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларының статистикасы азайғанына қарамастан жағдай бәрібір қауіпті болып саналады және барлық жауапты мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бақылауына алынған.

Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің (ҚСАЕК) мәліметтері бойынша 2011-2016 жылдар аралығында барлық мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар тарапынан атқарылған іс-шаралардың арқасында аяқталған суицид және өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері санының азаюына қол жеткізілген. 2011 жылмен салыстырғанда суицид саны 31,9%-ға, суицидтік әрекеттер 30,5%-ға кеміген.

### *1-диаграмма. 2011-2016 ж.ж. суицид және суицидтік әрекеттер динамикасы, оқиғалар.*



Дерек көзі: ҚР ҚСАЕК

2016 жылдың нәтижелері бойынша аяқталған суицид көрсеткіштері ең жоғары ШҚО-да – мектеп жасындағы және оқу оқитын жастардың 100 мың адамға 11,7 жағдай, Ақмола облысында – 11,2 жағдай, Ақтөбе мен СҚО және ШҚО – 8,3 жағдай. Осылайша, оңтүстіктен солтүстікке қарай өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерінің күшеюі байқалады, ал ең күштілері елдің солтүстік аймақтарында болған.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының 2012-жылға халықаралық салыстырулары бойынша 5-тен 14 жасқа дейінгі аралықта өз-өзіне қол жұмсау бойынша Қазақстан әлемде 9 –орында, ал 15 жас пен 29 жас аралығында – төртінші. 2013 жылғы ақпаратқа сүйенсек, 15 жас пен 19 жас аралығындағы әрбір 12-ші жасөспірім өмірден кетуге әрекет жасаған<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> <http://apps.who.int/gho/data/?theme=main>

**1-кесте. 2016ж. аймақтарда мектеп жасындағы 100 000 балаға шаққандағы суицидтер және суицидтік әрекеттер.**

<b>Аймақ</b>	<b>Суицидтер</b>	<b>Әрекеттер</b>
Ақмола	11,2	15,9
Ақтөбе	8,3	22,2
Алматы	5,4	3,0
Атырау	4,2	14,1
БҚО	11,7	5,4
Жамбыл	4,5	10,7
Қарағанды	4,8	12,0
Қостанай	6,0	24,1
Қызылорда	5,8	7,7
Маңғыстау	3,1	7,6
ОҚО	5,5	8,1
Павлодар	2,0	24,0
СҚО	7,7	14,1
ШҚО	7,6	20,7
Астана қ.	3,9	28,5
Алматы қ.	2,4	17,7

Дерек көзі: ҚР ҚСАЕК, транспорттық аймақтарды есепке алмағанда, 21-С – арнайы аймақ.

Бұрынғы социалистік жүйедегі елдер арасында 10-14 жас аралығындағы балалардың өз-өзіне қол жұмсау жағдайларын 2014 жылғы салыстырулар бойынша ел ішіндегі суицидтік әрекеттер мен оқиғалардың азайғанына қарамастан Қазақстан бұл өкінішті статистикада Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттерімен бірге лидерлер қатарында қалып отыр.

2017 жылдың 9 айында 129 суицид фактісі және 294 суицидтік әрекет тіркелсе, 2016 жылдың 9 айында – 140 факт және 316 әрекет белгілі болған. Осылайша, 2017 жылдың ағымдағы көрсеткіші 2016 жылдың сондай кезеңіне қарағанда аз: суицид фактлері бойынша 7,8%-ға және суицид әрекеттері бойынша 6,9%-ға айырмашылық бар.


Суицидтік жүріс-тұрысты аймақтар бойынша салыстырулардың нәтижесі Павлодар, Қостанай, Ақмола облыстарында аяқталған суицидтер санының айтарлықтай өскенін, оны жасауға әрекеттенулер БҚО, Алматы, ОҚО, Қостанай, Қарағанды облыстарында арта түскенін көрсетеді.

Гендерлік арақатынас келесідей бөлінген: ұлдар (65,7%-115 жағдай) қыздарға (34,3% - 60 жағдай) қарағанда 2 есе көп өз-өзіне қол жұмсаған. Сонымен қатар, суицидтік әрекеттердің көп бөлігі қыздарда 79,6% (327 жағдай) байқалады, ұлдарда 20,4% (84 жағдай), айырмашылық 3,9-ға дейін. Көбінесе бұлар ересек жасөспірімдер.

Суициденттер құрамында 15-17 жас аралығы басым болып келеді, 111 факт немесе 63,4%. Ресми мәліметтерге сәйкес суицид себептерін талдау көрсеткендей 4,5% суицид жағдайлары жалғыздық сезімі немесе бас тартуға

байланысты, 2,2% жағдайда отбасының ішіндегі қақтығыстарға байланысты болған, сондай-ақ жақындарын жоғалту, қорқыныштар, қолайсыз тұрмыстық жағдайлар да әсерін тигізген. Өкінішке орай, 53% жағдайда себебін анықтау мүмкін болмаған.


**2-диаграмма. 100 мың адамға шаққанда 10-14 жас аралығындағы өзіне-өзі қол жұмсаудан қайтыс болу, елдер бойынша, 2014**



Дерек көзі: TransMonEE 2016 Database, UNICEF Regional Office for CEE/CIS

<http://www.transmonee.org/databases.php>

**3-диаграмма. Суицидтер және суицидтік әрекеттер гендерлік арақатынаста, 2017ж. 9 айы**



Дерек көзі: ҚР ҚСАЕК

### **Анықтама.**

2015 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы қазақ және орыс тілдерінде «Балаларда суицидтік жүріс-тұрыстардың алдын алу бойынша ата-аналарға арналған кеңестер» әдістемелік нұсқаулығын шығарған болатын.

Әдістемелік нұсқаулықта кәмелеттік жасқа толмағандардың суицидтік жүріс-тұрыстарының алдын алуға мүмкіндік беретін ата-аналарға арналған психологиялық және тәжірибелік іс-шаралар кешені берілген, балалардың әр түрлі өмір кезеңдерінде болатын суицидтік жүріс-тұрыстар туралы басты ұғымдар, олардың негізгі түрткілері, себептері мен ерекшеліктері анықталған.

***Балалардағы суицидтік жүріс-тұрыстардың алдын алу бойынша ата-аналарға арналған кеңестер. Әдістемелік кеңестер. – Астана: Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық білім академиясы, 2015.***

## II бөлім. Суицид, суицидтік жүріс-тұрыстың белгілері

**Суицидтік жүріс-тұрыс** – экстремалды жағдайларға адамның жалпы жүріс-тұрыстық жауап беру түрлерінің бірі.

**Суицидтік жүріс-тұрыс** тұлғаның өз басынан қақтығыстарды өткерген кездегі элеуметтік –психологиялық бейімделмеуінің салдары болып табылады және диагностикалық анықтауларға қарамастан барлық суициденттерде кездеседі.

**Суицид** – нәтижесі өлімге апаратын өзіне-өзі қасақана зиян келтіру (өз өмірін қию).

### 1. Суицид туралы ұғым

Суицид – адамның өз қолымен саналы түрде өмір сүруді тоқтатуы. Өз-өзіне қол жұмсаудың жоспарлы және импульсивті түрлерін ажыратады.

Суицидтік жүріс-тұрыс көбінесе түпкі мақсат ретінде өлімге бағытталмайды. Ол, ең бастысы, өмір сүруге құштарлықты аңғартады, тек осындай өмір емес, одан басқаша жағдайда өмір сүруді қалайтынын көрсетеді. Адам кез келген әдіспен, тіпті ол радикалды болса да өз өміріне өзгеріс жасауға тырысады.

Суицидтік әрекет – тіл табысудың бұрмаланған түрі, бұл адамның шұғыл көмек қажет ететіндігін көрсететін жан айқайы.

Аяқталған суицид – өзін-өзі қабылдамау, тіл табысудан және өмірінде әлдеқандай өзгерістерді жасау мүмкіндігінен толық бас тарту.

### 2. Суицидтік тәуекел тобы:

- жастық, жасөспірімдік кезең өкілдері;
- тұлғааралық қарым-қатынастарда бұзылыстары бар жасөспірімдер;
- жалғыздық сезінетіндер;
- алкоголь немесе есірткіні жиі қолданушылар;
- девиантты немесе қылмыстық жүріс-тұрыстармен ерекшеленетіндер;
- өзіне шамадан тыс сыни көзқараста болатындар;
- жақын уақытта кемсіту көргендер немесе қайғылы оқиғаларды бастан кешіргендер;
- өмірден күткен үміттері мен шынайы жетістіктері арасындағы сәйкессіздіктерге көз жеткізгендер;
- жазылмайтын науқасқа шалдыққандар немесе айналасындағылардың одан бас тартуы.

### 3. Өзіне-өзі қол жұмсау түрткілері мен себептері

Өзіне-өзі қол жұмсаудың ерекшелігі сол, оған себепші болған нағыз түрткілерді анықтау аса қиын.

**Суицидтік іс-әрекеттердің түрткілері мен себептері (А.Амбрумова):**

#### 1. Жеке-отбасылық қақтығыстар:

- туыстармен және айналасындағылардың әділетсіз көзқарасы;
- қызғаныш, жұбайлардың көзге шөп салуы, ажырасу;



- «басқа маңыздыларынан» айрылу;
- маңызды қажеттілікті қанағаттандыруға бөгет болу;
- «басқа маңыздылардың» жүріс-тұрыстарына немесе жеке қасиеттеріне көңілі толмау;
- жалғыздық;
- сәтсіз махаббат;
- айналасындағылардың қамқорлығы мен көңіл бөлудің жетіспеушілігі;
- жыныстық жетілмеу.

## 2. Психикалық денсаулықтың жағдайы:

- дені сау тұлғалардың шынайы қақтығыстары;
- патологиялық түрткілер (психикалық іс-әрекеттің бұзылыстарымен шартталған).

## 3. Физикалық денсаулықтың жағдайы:

- соматикалық аурулар, физикалық қиыншылықтар;
- сұрықсыз болу.

## 4. Әлеуметке қарсы жүріс-тұрыстарға байланысты қақтығыстар:

- сот алдындағы жауапкершіліктен қауіптену;
- басқа да жазалар мен ұятты болудан қорқу;
- адамгершілікке қарсы іс-әрекеті үшін өзін-өзі жазғыру.

## 5. Кәсіби немесе оқу саласындағы қақтығыстар:

- жұмыста немесе оқуда жағдайының болмауы, сәтсіздікке ұшырау, беделін жоғалту;
- кәсіби немесе оқу міндеттерін орындауда әділетсіз талаптарды қою.

## 6. Материалдық-тұрмыстық қиыншылықтар.

*Аталған түрткілердің көбісі жастық кезең өкілдерін суицидтік жүріс-тұрысқа итермелейді.*

### **Суицидтердің себептері (А.Е.Личко):**

- сүйікті адамын жоғалту;
- шаршап-шалдығу;
- ар-намыстың қорлануы;
- алкогольизм, нашақорлық пен таксикоманияның кесірінен тұлғаның қорғаныс механизмінің бұзылуы;
- өз тұлғасын өз-өзіне қол жұмсаған адамға ұқсатуы;
- басқа да себептерге байланысты әр түрлі аффективті реакциялар.

### **Күшейген суицидтік тәуекелдің экстраперсоналды факторлары (А.Амбрумова, В.Тихоненко):**

- 1) психоздар және шекаралық психикалық бұзылыстар;
- 2) суицидтік мағынадағы сөздер, суицидтік әрекеттердің қайталануы, ерте постсуицидтік кезең (үш айға дейін);
- 3) жасөспірімдік кезең;
- 4) экстремалды, әсіресе, маргиналды жағдайлар (түрмеге қамалу, жалғыздық және т.б.);
- 5) отбасында және қоғамда алатын орнын, әсіресе құрбыларының алдында абыройын жоғалту;

- 6) қақтығыстық жағдай және психикалық жарақат алу;
- 7) ішкілікке салыну және күшті әсерлі психотроптық заттар қолдану.

### **Күшейген суицидтік тәуекелдің интраперсоналды факторлары:**

- 1) мінез акцентуациясы, әсіресе, эпилептоидтік және циклоидтік сипаттағы түрлері;
- 2) эмоционалды жағдайларға шыдамдылықтың төмендеуі;
- 3) тіл табысу жүйесінің толыққанды болмауы;
- 4) тұлғаның мүмкіндіктеріне өзіндік бағаның сәйкессіздігі;
- 5) өмірлік құндылықтарды анықтайтын мақсаттардың болмауы немесе оларды жоғалту.

### **Суицидтердің айрықша белгілері (Э.Шнейдман):**

1. Суицидтегі жалпы мақсат шешімді іздеу болып табылады.
2. Сананы тоқтату суицидтегі жалпы міндет.
3. Суицидтің ортақ стимулы адам төзгісіз психикалық ауырсыну.
4. Суицид кезіндегі жалпы стрессор фрустрацияға ұшыраған психологиялық қажеттіліктер.
5. Суицидтегі жалпы эмоция – жәрдемсіз қалу, үмітсіздік.
6. Суицидке жалпы ішкі көзқарас екіжақтылық.
7. Суицид кезіндегі ортақ психикалық жағдай когнитивтік сфераның тарылуы.
8. Суицид кезіндегі ортақ әрекет - қашу (агрессия).
9. Суицид кезіндегі жалпы қарым-қатынастық әрекет ол өзінің ниеті туралы хабарлау.
10. Жалпы заңдылық – тұлғаның өмірлік жалпы жүріс-тұрысына (паттерндерге) суицидтік ерекшеліктердің тән болуы.

### **Суицидтік жүріс-тұрыстың белгілері**

- Тұйықталу.
- Сылбырлық, созылмалы шаршаңқылық, анық ойлауға қабілетсіздік.
- Қырсықтық, кінәмшілдік.
- Күйзеліс.
- Агрессивтілік.
- Тәбеттің бұзылуы.
- Айналасындағыларға сыйлықтар тарату.
- Психологиялық жарақат.
- Жүріс-тұрыстағы өзгерістер.
- Қорқыту.
- Ұйқының бұзылысы.
- Белсенді түрде алдын ала дайындалу.

### **Суицидтік қауіп-қатердің жағдайлық индикаторлары:**

- ата-анасымен қақтығыстар;
- мұғалімдермен қақтығыстар;

- дос немесе жақсы көретін адамдарымен арадағы қақтығыстар;
- жақын адамынан айырылу (қайтыс болуы, ажырасу);
- мәжбүрлі әлеуметтік оқшаулану (тұрғылықты мекен-жайдың ауысуы);
- сексуалды зорлық;
- қажетсіз жүктілік;
- «абыройдан айырылу» (ұят, өз ортасында кемсіту).

***Суицидтік қауіп-қатердің жүріс-тұрыстық индикаторлары:***

- психобелсенді заттар, алкогольдік ішімдіктерді зиянды мөлшерде қолдану;
- әскейп-реакциялар (үйден кету);
- күнделікті белсенділіктің күрт төмендеуі;
- өзінің сырт келбетін ұнатпау;
- айналасындағыларға немқұрайлы көзқарас таныту, олардың жайлы тұрмыс-тіршілігіне жеккөрушілікпен қарау;
- қарым-қатынастан кету, достары мен отбасынан оқшаулану;
- қоғамдық жұмыстардан, бірлесіп атқаратын іс-әрекеттерден бас тарту;
- өз әрекеттерінде шамадан тыс тәуекелге бару;
- тәбеттің жоғалуы немесе күшеюі;
- үнемі шаршау белгілері;
- бейіттерге бару;
- азалы немесе қайғылы музыкаларды жиі тыңдау;
- «өз ісін ретке келтіру»;
- айналысатын сүйікті істеріне қызығушылықтың жоғалуы.

***Коммуникативті белгілер:***

- физикалық жетіспеушілікке шағымданудың күшеюі;
- ұйқының қанбауы немесе ұйқышылдыққа шағымдану;
- ақырын сөйлеу, баяу, монотонды дауыс, қысқа жауап қату немесе мүлде жауапсыз қалу;
- жеделдетілген экспрессивті сөйлеу;
- жалынды сөйлеу, зарлау, қынқылдау;
- өлімге, өз-өзіне қол жұмсауға, өлгеннен кейінгі өмір туралы тақырыптарда сөйлесу немесе оқи бастау;
- суицидтік ниет туралы тікелей айту («өлгім келеді», «өмірді жеккөрем», «мен өзімді өлтірем»);
- суицидтік ниет туралы жанама хабарлау («жақында мұның бәрі бітеді», «олар маған істегендері үшін өкінетін болады», «мен бұған шыдай алмаймын», «мен ешкімге керек емеспін», «бұған менің шамам жетпейді»);
- өлу, өмірдің мағынасыздығы туралы әзілдеу, мысқылдау.

***Когнитивті индикаторлар:***

- күйзелістік жағдайларға тән жағымсыз триада – өз тұлғасын, қоршаған ортасын, өз келешегін жағымсыз бағалау (өз тұлғасы кейіпсіз, өмір сүруге лайықсыз боп көрінеді; әлем жоғалтулар мен көңілі қалулардан тұратындай; және өз келешегі үмітсіз, еш болашақсыз сияқты бағаланады);

- «туннельдік көрініс» - мәселені шешуде суицидтен басқа тиімді жолдарды көруге қабілетсіздік;
- істеген ісінің сапасы төмендеп, зейіннің бұзылуы.

**Эмоционалды индикаторлар:**

- күйзелістік көңіл-күй (өз тағдырына немқұрайлылық, басыңқы болу, үмітсіздік, жәрдемсіз қалу, торығу);
- көңіл-күйдің тез ауытқуға бейімділігі;
- көңілсіздік, қайғыру, уайымдау, езілу, түнеріңкі жабырқау;
- ызалылық, ашуланшақтық, ұрысқақтық, жауласушылық;
- үрейлену, орны толмас қайғыны күту, қорқу;
- торығу тұрақты көңіл-күйге айналады, торығудың шектен шыққан күйі ашыну, тығырықтан шығар жол жоқ;
- қуанышты жағдайларда түнеріңкі көңіл-күйдің тереңдеуі.


**Суицидтік қауіп-қатерді бағалау**

- бұдан бұрынғы суицидтік әрекеттер;
- күйзеліс;
- қауіп-қатер жағдайы.

**Жоғары ықтимал суицид белгілері:**

- өз өмірін қиғысы келетіні туралы ашық хабарлайтын сөздер;
- суицидтік әрекеттердің болуы мүмкіндігін жанама түрде «тұспалдау»;
- алдын ала белсенді дайындық, қажетті құралдарды мақсатты түрде іздеу;
- өз-өзіне қол жұмсау мысалдарына қадалу;
- жақын айналасындағылармен символикалы түрде қоштасу;
- өзінің жерлеуі туралы әңгімелер; өмірден кету туралы хат жазу.

**4. Суицидтік ниеттер шкаласы**



**1.** Пассивті суицидтік ойлар өз өлімін көз алдына елестету, қиялдаумен сипатталады, бірақ ол өмірін өз еркімен қиятындай белсенділік туралы емес. Бұған мысал ретінде мыналарды жатқызамыз: «өлсем жақсы болар еді», «ұйықтап кетіп, оянбай қалсам ғой», «маған бірдеңе болып, мен өліп кетсем екен» және т.с.с.

2. Өз өмірінің қиылуын ойлау, тілеу – бұл суицид көрінісінің белсенді формасы, яғни өз-өзіне қол жұмсауға бет алу, оны жүзеге асыру жолдарын жоспарлау дәрежесі оның тереңдігімен параллельді түрде өсе береді. Өз-өзіне қол жұмсаудың әдістері, әрекеттің уақыты мен орны ойластырылады.

3. Суицидті жоспарлау. Өз-өзіне қол жұмсауды ойлау, тілеу адамды оны орындауына итермелейді. Әрекеттің нақты тәсілдері, уақыты мен орны таңдап алынады.

4. Суицидтік ойлардың пайда болуынан оларды жүзеге асыруға дейінгі кезең дәстүрлі түрде суицид алдындағы (пресуицид) деп аталады. Оның ұзақтығы минуттармен есептелуі мүмкін («өткір пресуицид»).

Суицидтік әрекет – өліммен аяқталмаған, өз өмірін қиятын әдіс-құралдарды мақсатты түрде пайдалану.

Постсуицидтік кезең (постсуицид) оның «нәтижесін қорытындылаушы» құрамдас бөліктерден тұрады, өз-өзіне қол жұмсауға итермелеген қақтығыстық жағдай, «психикалық және соматикалық» компоненттерімен қоса суицидтік актінің өзі, суицидті тоқтатудың ерекшеліктері және одан кейінгі қалпына келтіру іс-шаралары, соматикалық зардаптары және асқынулар, суицидтік әрекеттен кейін қалыптасқан оған деген жаңа тұлғалық көзқарас және т.б.

Постсуицидтер кезіндегі негізгі ерекшеліктер:

а) қақтығыс және оның субъект үшін маңызы;

б) суицидтік шешімді қабылдау;

в) суицидтік мақсатқа тұлғалық көзқарас.

Өз-өзіне қол жұмсау әрекетінен кейін жақын арадағы постсуицидте негізгі үш жағдай атап көрсетіледі:

1) суицид тудырушы қақтығыстың маңыздылығы;

2) суицидтік бағдарлардың нақтылық дәрежесі;

3) орындалған әрекетке көзқарастың ерекшеліктері.

**Осының негізінде постсуицидтік қалыптың төрт түрін анықтау ұсынылады.**

*Бірінші түрі – сыни.*

1. Қақтығыстың мәні кеткен, себебі суицид алдындағы кезеңде оның маңыздылығы әсіреленген болатын. Суицидтік әрекет шиеленіскен жағдайды «шешкендей» болды.

2. Суицидтік түрткі (суицидтік бағдар) жоқ.

3. Жасалған әрекетке көзқарас – айналасындағылардың алдында ұялу, суицидтік әрекеттің өлімге апарып соғуы мүмкін екендігінен қорқу.

Постсуицидтік қалыптың бұл түрінде суицидтің қайталану мүмкіндігі минималды.

*Екінші түрі - манипулятивті.*

Қақтығыстың маңыздылығы біршама төмендеген, бірақ бұл қалыптасқан жағдайға адамның істеген суицидтік әрекетінің тікелей әсерінен болды және оны адамның пайдасына қарай жағымды өзгерістерге әкелді.

2. Суицидтік бағдар жоқ.

3. Жасалған әрекетке көзқарас – жеңіл ұялу сезімі және мұның ақыры өлімге әкелуі мүмкін екендігінен қорқу. Алайда, суицидтік әрекеттер алдағы уақытта өз мақсатына жетудің және айналасындағы жағдайға әсер етуші құрал екендігіне нақты көз жеткізуі.

Постсуицидтік қалыптардың екінші түрінде қақтығыстардың әсерінен суицидтік әрекеттердің қайталану мүмкіндігі анағұрлым арта түседі, алайда олардың маңыздылығы (өмір үшін қауіптілігі) азаяды. Шынайы қауіп-қатердің демонстративті-бопсалаушы бағыт алуы байқалады.

*Үшінші түрі – талдаушы (аналитикалық).*

1. Қақтығыс суицидент үшін бұрынғыдай маңызды.

2. Суицидтік бағдар жоқ.

3. Суицидтік әрекетке деген көзқарас – болған оқиғаға өкіну. Суицид қақтығысты шешудің қолайлы тәсілі емес екендігін түсінеді, бірақ сезімдер әлі басылмағандықтан жағдайдан шығудың басқа жолдарын іздестірумен болады. Егер ондай шешім табылмаған күнде, сонымен қатар қақтығыстық жағдай субъект үшін адам төзгісіз қиындық туғызса, онда суицид қайталануы ықтимал, және бұл жолы алдыңғысындай аффект жағдайында ойланбай басқан «қадам» емес, тығырықтан шығудың жалғыз жолы ретінде болуы мүмкін. Бұл жерде соңы өліммен аяқталу қаупі артады.

*Төртінші түрі - суицидтік-тіркелген.*

1. Қақтығыс маңызды.

2. Суицидтік бағдар сақталған.

3. Суицидке көзқарас – жақтаушы, бұл «басқа жолды көрмей тұрмын» деген сөздерден байқалуы мүмкін.

Аталмыш жағдайда адам өз-өзіне қауіпті бола бастайды, негізінде «суицидтік статустан» шықпайды. Шұғыл түрде психотерапиялық көмек көрсетуді қажет етеді.

Постсуицидтік жағдайлар өз дамуында үш кезеңнен тұрады:

1. Жақын постсуицид (жасалған әрекеттен кейінгі алғашқы апта).

2. Ерте постсуицид (әрекеттен кейінгі аптадан бастап бір айға дейін).

3. Кеш постсуицид (кейінгі 4-5 айдың ішінде).

## Деструктивті жүріс-тұрыс

**Деструктивтілік** – адам психикасы мен жүріс-тұрысының бұлдіруші механизмдері.

Деструктивті жүріс-тұрыстың екі негізгі түрі болады:

**1. Аллодеструкция**, яғни сыртқы әлемге: адамдарға, объектілер мен заттарға бағытталған бұлдіру мен агрессивтілікке деген қажеттілік (қылмыс, заң бұзушылық, шамадан тыс агрессивтілік пен шиеленістік, өшпенділік).

**2. Аутодеструкция** (аутоагрессивтілік), яғни өзін-өзі бұлдіруге деген қажеттілік: суицидтік әрекеттер, өз-өзіне қол жұмсау, өз денсаулығына әдейі зиян келтіру, есірткілік және алкогольдік заттарды қолданумен бірге.

**Деструктивті жүріс-тұрыс** – бұл тұлғаның нақты деструктивті жүріс-тұрыстық акттерінің көрініс беруі. Ол дағдарыстық және шекаралық жағдайлардың, психологиялық жарақаттаушы оқиғалардың, постжарақаттық стрестік бұзылыстардың, кәсіби деформацияның, психикалық аурулардың, жеке тұлғалық ерекшеліктердің, мінез акцентуациясының әсерінен болуы мүмкін.

### Ұсыныстар.

«Тәуекел тобына» (суицид) жататын балалармен жеке жұмыс жасайтын әрбір педагог-психолог психологиялық кеңес беру дағдыларын меңгерген болуы тиіс.

Сонымен қатар, арнайы курстар немесе тренингтерден, жеке психотерапиядан өткен болуы керек.

### III бөлім. Дағдарыстағы адамға көмек көрсету

Суицидті алдын алуға болатын процесс. Адам қарама-қайшылыққа толы, өмір мен өлімнің арасында күмәндана ойланады. Дағдарыстағы адам көмек қолын созғандарды қабылдауға дайын болады. Қарым-қатынасқа деген қажеттілік сақтала береді. Сананың тарылуына байланысты қарым-қатынастың бастамасы сыртқы әлемге тәуелді болып келеді. Суицидтік дағдарыстан шыққан жағдайлардың барлығында адамға сыртқы әлемнің көмегі тигені айнымас факт.

#### ***Суицидтік тәуекелді анықтауға арналған әдістемелердің тізімі.***

Тәуекел тобын жасақтау және балалар арасындағы эмоционалды бұзылуларды анықтауға (суицидтің белгілерін ерте анықтау) арналған:

1. Балаларда суицидтік бейімділікті анықтау (А.А.Кучер, В.П.Костюкевич).
2. «Сіздің суицидке бейімділігіңіз» тесті (З.Королева).
3. Күйзеліс деңгейін анықтаудың әдістемесі (В.А.Жмуров).
4. Суицидтік тәуекел сауалнамасы (Т.Н.Разуваеваның модификациясы).

Тәуекел тобы үшін анағұрлым нақтырақ диагностикалық зерттеулерді жүргізу қажет:

1. Патохарактерологиялық сауалнама (Личко).
2. Фрустрациялық толеранттылық тесті (Розенцвейг).
3. Суицидтік тәуекел сауалнамасы.
4. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу сауалнамасы (Роджерс–Даймонд).
5. Мазасыздық деңгейін өзіндік бағалау шкаласы (Спилбергер-Ханин).
6. Агрессивтілік сауалнамасы (Басс-Дарк). Суицидтік факторлар кешені айқын жасөспірімдер үшін қосымша Сильвердің «Оқиғаның суретін сал» проективтік тесті, аяқталмаған сөйлемдер (С.И. Подмазина) әдістемесін ұсынуға болады.
7. Жалғыздық шкаласы (Д. Рассел, Л. Пепло, М. Фергюсон).

#### ***Тәуекел деңгейін бағалау үшін:***

1. Суицидтік тәуекел сауалнамасы (ОСР).
2. Суицидтік тәуекелге бару картасы (жасөспірімдерге арналған модификация Л.Б.Шнейдер).
3. Суицидтік тәуекелді бағалау шкаласы (Патерсон).
4. Үмітсіздік шкаласы (Бек).

#### **Жалпы алдын алу: суицидтік әрекеттер жасалғанға дейін:**

- өз-өзіне қол жұмсау туралы ақпараттарды тікелей ұсыну орынсыз;
- жалпы психикалық денсаулықты нығайтуға, қолайлы әлеуметтік орта қалыптастыруға бағытталған тәсілдерді қолданған жөн;
- өзін-өзі құрметтеу және жағымды өзіндік бағалауды нығайту;
- жағымды өзіндік бағалау және өзінің адамгершілігін сезіну эмоционалдық мәселелерді болдырмауға және уайымнан аулақ болуға көмектеседі, өмірдің



қиын сәттері мен жанды жаралайтын оқиғалардан шыға білуге мүмкіндік береді.

### **Суицидентпен жұмыс жасаудың негізгі принциптері:**

1. Шұғыл көмек көрсетудің сипаты.
2. Өмірге икемделмеген және бейімделмеген мақсаттарды анықтау, коррекциялауға бағытталу.
3. Суицидент үшін маңызды қақтығыстарды шешудегі бұрын қолданып көрмеген әдіс-тәсілдерін іздестіру және жаттығу.
4. Айналасындағылармен жұмыс.

### **Көмек көрсету ережелері:**

- көмек көрсете алатыныңызға сенімді болыңыз;
- осындай жағдайда болған адамдардан тәжірибе жинаңыз;
- шыдамды болыңыз;
- «Бар да соны істе» деп айтып адамды таңқалдыру немесе оны қорқытуға тырысудың қажеті жоқ;
- «Сіз өзіңізді осылай сезінесіз, себебі ... » деп адамның іс-әрекетіндегі түрткілерді талдамау керек;
- «Сіз өзіңізді өлтіре алмайсыз, себебі ...» деген сөздермен дауласып, адамды ақылға келтіре алмайсыз;
- қолыңыздан келетіннің барлығын орындаңыз, алайда басқаның өмірі үшін жеке басыңызға жауапкершілік алмаңыз;
- ақыл-кеңес беру емес, түсіністік танытыңыз;
- суицидентті мамандарға апарыңыз.

### **Әңгімелесу бойынша ұсыныстар:**

- әңгіме үзіліп кетпеуі үшін ыңғайлы орында сөйлесу керек;
- сұхбаттасушыға бар назарыңызды аударған жөн, оған тік, ыңғайлы, қарама-қарсы, бірақ үстелдің арғы жағынан емес ашық қарау керек;
- әңгімелесушінің айтқандарын қайталап айтып беру керек, сонда ол өз сөздерінің ешқайсысы қағыс қалмағанын және өзін жақсы тыңдап, мәселенің мән-жайына қанық болғаныңызды түсінеді;
- сұхбаттасушының барынша ашылып сөйлеуіне мүмкіндік беру, оның сөзін бөлмей тыңдау және ол өзі тоқтағанда ғана сөз алып, өз ойыңызды білдіру;
- айыптамай және қызбалана әуестенбей сөйлесіңіз, бұл оның адамгершілік сезімін арттыра түседі;
- тек жағымды-конструктивті сөздер ғана айтылуы тиіс («бір сәттік рефрейминг»).

### **Әңгімелесуді жүргізудің принциптері:**

1. Ешқашан әңгімелесуге үшінші жақтан (басқа адамдар арқылы) шақырмау керек, ең дұрысы алдын ала «кездейсоқ» жолығып, қандай да бір өтініш білдіру немесе тапсырма беру арқылы келесі жолы кездесудің ретін келтірген абзал.

2. Әңгімелесу орнын таңдауда ең бастысы бөгде адамдардың болмауы (қанша уақытқа созылса да, ешкім әңгімені бөлмеуі керек).
3. Әркім өз ісімен шұғылданып жатқан кезде жұмыстан тыс уақытқа жоспарлаған жөн.
4. Әңгімелесу барысында ешқандай жазба жүргізбеген дұрыс, сағатқа да қарамау керек, «қосымша» жұмыстарды атқаруға мүлде болмайды. Суицидентке қазір онымен әңгімелесуден асқан маңызды ештеңе жоқтығын барынша көрсету керек.

### **Әңгімелесуді жүргізудің кезеңдері:**

*Бастапқы кезең* – әңгімелесушімен эмоционалды тіл табысу, «уайымдаушы серіктестік» қарым-қатынас орнату.

*Екінші кезең* – дағдарысқа әкелген оқиғалардың реттілігін анықтау, шарасыздық сезімінен арылту.

*Үшінші кезең* – дағдарыстық жағдайдан бірігіп шығуға әрекет жасау.

*Қорытынды кезең* – іс-әрекет жоспарын пысықтау, белсенді түрде суицидентке психологиялық қолдау көрсету.

<b><i>Егер сіз мыналарды естісеңіз</i></b>	<b><i>Міндетті түрде мыналарды айтыңыз</i></b>	<b><i>Мыналарды айтуға тыйым салынады</i></b>
«Барлығын жеккөремін ...»	«Бірдеңе болып жатқанын сеземін. Келші сөйлесейік»	«Мен сенің жасыңда болғанымда ... сен бар болғаны бос сөздер айтып тұрсың!»
«Бәрі де үмітсіз, мағынасыз»	«Сенің көңіл-күйің түсіп кетіпті. Кейде біз бәріміз сондай сезімде боламыз. Кел біз қандай қиындыққа тап болғанымызды айтайық та, оны қалай шешуге болатынын ойластырайық»	«Сенікінен де қиын жағдайда жүргендер туралы ойласаңшы»
«Бәріне де менсіз жақсы болар еді!»	«Сен мен үшін, біз үшін қымбатсың. Сенің көңіл-күйіңе алаңдаймын. Сол туралы сөйлесейікші»	«Қайдағы жоқты айтпашы. Басқа нәрсе туралы сөйлесейік»
«Сендер мені түсінбейсіңдер!»	«Сен өзіңнің не сезінетініңді айтшы маған. Мен шынымен де сені түсінгім келеді»	«Маған сені түсіну қайда!»
«Мен сұмдық нәрсе істеп қойдым»	«Сен өзіңді кіналап тұрғаныңды сеземін. Осы туралы сөйлесейікші»	«Енді саған не керек? Айт кәне!»

«Менің қолымнан ешқашан ештеңе келмейді»	«Сен қазір өзіңнің күшің жетпейтіндей көресің. Оны қалай өзгертуге болатынын сөйлесіп көрейікші»	
--	--	--

## **ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАУҒА ҚАРСЫ ТҰЛҒАЛЫҚ ФАКТОРЛАР**

Өз-өзіне қол жұмсауға қарсы тұлғалық факторлар – бұл қалыптасқан өмірлік мақсаттардың болуы, өмірлік ұстанымдар, тұлғалық факторлар мен адамның психологиялық ерекшеліктерінің кешені, сонымен қатар суицидтік ниеттердің жүзеге асырылуына бөгет болатын жан күйзелістерінің динамикасы.

Оған жататындар:

- жақсы көретін туыстары және айрықша жақын адамдарымен эмоционалды байланыс;
- ата-аналық міндеттер;
- айрықша парыз сезімі, міндеттілік;
- жақсы физикалық форма сақтау, өз денсаулығына қамқорлық, өзін-өзі сақтау инстингі;
- қоғамдық пікірмен санасу және айналасындағылардың талқысынан қашу, өз-өзіне қол жұмсаудың масқара екендігін білу және суицидтік жүріс-тұрысты жақтырмау (айыптау);
- өмірде пайдаланбаған мүмкіндіктерін білу;
- әр түрлі өмірлік, шығармашылық, іскерлік, отбасылық, қызметтік және басқа да жоспарлардың, мақсаттардың болуы;
- ой-санасында рухани, адамгершілік, эстетикалық критерийлердің болуы;
- тәрбиемен, өмірлік тәжірибемен және тұлғалық ерекшеліктермен (оптимизм, мейірімділік, адамгершілік, тәртіптілік, өмірде, қызметте, оқуда және т.б. белгілі бір мақсаттарға жетуге тырысу т.с.с) қалыптасқан жағымды өмірлік мақсаттар;
- психологиялық икемділік және бейімделу, жағымсыз жеке уайымдардың орнын толтыру, есесін қайтара білу, өзін-өзі реттеу және психологиялық қысымды жоюдың әдіс-тәсілдерін пайдалану;
- өмірлік сценарийдің болуы.

### **Суицидке қарсы мақсаттарды қалыптастыру үшін:**

- ата-аналар мен педагогтер баламен үнемі қарым-қатынаста болуы керек, оны жағымсыз ойларымен оңаша қалдырмау керек;
- өз күші мен мүмкіндіктеріне сенімділік ұялату керек;
- жақсылық пен үміт сезімдерін сіңіру керек;
- сезімталдық білдіру, жылулық сыйлап, түсіністік таныту;

- баланың жүріс-тұрысын бақылап, оның құрбылармен қарым-қатынасын талдау жүргізіп отыру керек.

### **ҚОРҒАНЫС ФАКТОРЛАРЫ**

<b>Когнитивті стиль және тұлға</b>	<b>Отбасылық жағдай</b>	<b>Қоршаған ортасы</b>
Өзіндік маңыздылық сезімі; Өзіне, өзінің іс-әрекеті және жетістіктеріне сенімділік; Қиындықтар туындағанда көмек сұрау; Маңызды таңдау жасар алдында кеңес сұрау; Басқа адамдардың тәжірибесі мен шешіміне қатысты ашық болу; Оқуға (үйренуге) даяр болу	Отбасы ішіндегі жақсы қарым-қатынас; Отбасының қолдауы; Ата-аналардың адалдығы мен қарым-қатынаста жүйелілік сақтауы	Дұрыс тамақтану және ұйқы тәртібін сақтау; Күндізгі жарық; Физикалық жаттығулар; Араласатын ортасының шылым шегу мен нашақорлықтан аулақ болуы.

#### **Ұсыныстар.**

Кәсіби және жеке даму маманның кәсіби күйіп кету деңгейін азайту үшін пайдалы.

Педагог-психологтардың төмендегідей қосымша курстарға барғаны жөн:

- Кеңес беру негіздері;
- Психологтарға арналған психиатрия;
- НЛП;
- тәжірибелік психология курстары (арт-терапия, психодрама, форум-театр, гештальт – терапия және т.б.)

Балалар мен ата-аналарға арналған кітап! Жасөспірімді түсінуге мүмкіндік беретін кітап!

**Анна Гавальдтің «35 кило надежды» кітабы (2002).**

#### **Педагог-психологтың «суицидтік тәуекел» тобындағы балалармен жұмыс құжаттарының тізімі:**

1. Суицидтік жүріс-тұрыстың алдын алу бойынша жұмыс жоспары.
2. Диагностикалық құрал-жабдық.
3. «Тәуекел тобын» жасақтауға мүмкіндік беретін диагностика бойынша есептер.
4. «Тәуекел тобындағы» балаларды психологиялық қолдау бағдарламасы мен картасы, атқарылған жұмыстар мен олардың нәтижелері көрсетілген болуы тиіс.
5. «Тәуекел тобындағы» балалармен жұмыстың нәтижелері бойынша есеп.
6. Мамандарға ұсыныстар мен кеңестер беру (әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, әкімшілік).

#### IV бөлім. Мектепте суицидтік жүріс-тұрыстың алдын алу

Балалардың өз-өзіне қол жұмсауының алдын алуда отбасы, мектеп, педагогтер, психологтар, әлеуметтік педгогтар үлкен роль атқарады. Олар ата-аналардың жасөспірімдерді суицидке итермелейтін уайымдары кезінде қалай көмектесуі бойынша жұмыс жасайды. Ата-аналар өз балаларына сауатты көмек көрсетіп, оларды түсініп, қолдау жасау үшін қажетті білімдермен қаруландыру қажет. Неғұрлым ата-аналардың педагогикалық білімдері жоғары болған сайын, олар соғұрлым өз балаларына жалпыадамзаттық және адамгершілік құндылықтарды сіңіре алатын болады.

Жасөспірімді суицидтік бұзылыстарға әкеліп соғатын сыртқы жағдайларды талдаулардың көрсетуі бойынша психологиялық жарақаттаушы оқиғалардың жіктелуінде алғашқы орында мектеп өмірімен байланысты жағымсыз феномендер: мектепке бейімделмеу, сабақтағы сәтсіздік, жасөспірімнің сыныпта қабылданбауы, мұғалімдермен қақтығыстар, дидактогения, дидакалогения және т.б. Н.М. Кий пікірі бойынша жасөспірімдердегі суицидтік жүріс-тұрыстың педагогикалық профилактикасы алдын алушы ұйымдар мен мекемелердің өзара әрекеттестігіне негізделуі тиіс. Мектеп психологының жұмысы оқушылар арасында психологиялық ағартушылық іс-шаралар ұйымдастыру арқылы өзін-өзі тануды жандандыруға бағытталуы керек [3, с.8].

Біздің ойымызша, мектеп психологтары үшін басты міндет жағымды ойлауды қалыптастыру мен суицидтік ойларды жою болып табылады [2, С.93]. **Бұл жерде ата-аналардың ролі маңызды, себебі көп жағдайда өз балаларымен адамгершілік сезімдерді, жеке бақылау жасауды қалыптастыру, өмірге жағымды көзқараста болу, оның құндылықтарын түсіну, отбасында және достарымен қарым-қатынастардың сау болуы және т.б. жөнінде сөйлесіп, әңгімелесуді ұмытып кеткен.** Сонымен қатар, педагогтар мен психологтардың көбісі баланың жүйке жүйесінің шаршау белгілері, жасөспірімде күйзелістің өту барысының ерекшеліктері, стрессогендік жағдайда балаларда туындайтын реакциялардың ересектерден айырмашылығы туралы хабарсыз болып жатады.

Қарқынды түрде тұлғаның қалыптасуы – жасөспірімдік кезеңнің маңызды психологиялық сипаттамасы. Қазіргі кезде жастар арасында өзін-өзі бүлдіруші жүріс-тұрыс түрлерінің белең алып тұрғаны жасырын емес: алкогольдік ішімдік, есірткі, никотиндік тәуелділік, зорлық-зомбылық, шамадан тыс тәуекелге апаратын жүріс-тұрыс, парасуицидтің жасаруы. Сондықтан жасөспірімдік және жастық кезеңде қалыптасатын психологиялық жаңа түзілістерді түсіну әсіресе маңызды, себебі өмірдің мәні, жарқын болашақ, жағымды тұлғалық және әлеуметтік сәйкестілік – өмір сүруге құштарлықтың құрамдас бөліктері болып табылады. Сәйкесінше, оларды қалыптастырудың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

суицидтік жүріс-тұрыстың алдын алудың басым бағыттарының бірі болып табылады. Сонымен бірге, объективті шарттар мен жағдайдың субъективтік қабылдануын да ескерген жөн.

## 1. Жұмыс тәжірибесінен.

Амантаева С.О., Қарағанды қ. «№15 ЖОББМ» КММ педагог-психологы

### Суицидтік жүріс-тұрыстың түрткілері

Балалар аса сезімтал және сенгіш, әсершіл және уайымдағыш, көңіл-күйі өзгергіш, сыни ойлау қабілеті әлсіз, талпынысы эгоцентрикалық, шешім қабылдауда импульсивті болады. Көп жағдайда балалардың өз-өзіне қол жұмсауы ашуланудан бастау алады, қарсылық, ыза немесе өзін және басқаларды жазалағысы келгендіктен болып жатады. Жасөспірімдік кезеңге өткен кезде өзіндік талдау жасауға, айналасындағыларды және өз тұлғасын пессимистік тұрғыдан бағалауға бейімділік арта бастайды. Көбінесе суицидке итермелейтін эмоционалды тұрақсыздық дені сау жасөспірімдердің төрттен бірінде кездеседі. Жағдайлардың басым бөлігіндегі суицидтік жүріс-тұрыстардың түрткілерін келесі топтарға бөлуге болады:

<b>Көмек іздеу</b>	өз-өзіне қол жұмсағысы келетін адамдардың көбісі өлгісі келмейді. Өз-өзіне қол жұмсау бір нәрсеге қол жеткізудің тәсілі ретінде қарастырылады (мысалы, назар аударту, махаббат, қиындықтардан құтылу, шарасыздықтан құтылу сияқтылар).
<b>Шарасыздық</b>	өмір мағынасыз, болашаққа үміт артудың қажеті жоқ. Өмірді жақсартуға ешқандай жол қалмаған.
<b>Көптеген мәселелер</b>	барлық мәселелер жаһандық және шешім табылмайтындығы соншалық, тіпті адам оларды біртіндеп шешуге зейін аудару да алмайды.
<b>Басқа адамның жанына тиерліктей ауырту</b>	«Олар әлі өкінетін болады!» Кейде адам өзін-өзі өлтіру арқылы өзімен бірге қиындықтарды алып кетіп, жанұясының өмірін жеңілдетемін деп ойлайды.
<b>Мәселені шешудің тәсілі</b>	адам өз-өзіне қол жұмсауды ерлік пен күштіліктің көрсеткіші ретінде санайды.

**Депрессия.** Оның басты белгілері көңіл-күйдің төмендеуі және қуаныш сезінуді жоғалту, ойлаудың бұзылуы, қозғалыстың тежелуі. Бұрын бақыт әкелетін өмірдегі сәттерден қанағаттану және ләззат алу мүмкіндігінен айрылу. Депрессия кезінде өзіндік баға төмендейді, өмірге деген құштарлық пен дағдылы іс-әрекеттерге қызығушылықтың жоғалғаны байқалады.

**Қауіп-қатер факторларының бірі шарасыздық** – бұл адамның өзіне және өз болашағына қатысты теріс пікірлер мен болымсыз күтулер жүйесі. Келесі белгілермен сипатталады:

- Терең пессимизм
- Туындаған мәселелердің уақытша екендігін аңғара алмайды
- Жағымсыз оқиғаларға жауапкершілік сезіну
- Нәтижесіздікке байланысты өзін-өзі жүк ретінде қабылдау
- Ұялу, жетіспеушілік сезімдерінің тереңдігі
- Көзқарастың тарлығы, соның әсерінен суицид арқылы қиындықты «шешу» алдында тұрған жалғыз жол сияқты көрінеді.

**Отбасындағы суицид тарихы және/немесе психикалық денсаулыққа байланысты мәселелер:**

- жасөспірімдер мен жастардың суицидтік әрекетке бару қаупі отбасындағы психопатологиямен, көбінесе психобелсенді заттарды зиянды түрде қолдану, аффективті, невротикалық және тұлғалық бұзылыстардың болуымен тікелей байланысты болуы ықтимал.

- Суицидтік әрекетке бару қаупі отбасындағы суицидтік жүріс-тұрысқа, отбасындағы суицидке де байланысты болады. Генетикалық құрылымнан басқа отбасындағы суицидтік жүріс-тұрыс қоршаған ортасы арқылы да «дамуы» мүмкін (яғни, сапасыз, әрі үйлесімсіз тәрбие беру мен қамқорлық, жанұяның күйреуі, балаға қатыгездік таныту немесе оған көңіл аудармау).

**Алкоголь және есірткі заттарды қолдану.** Жасөспірімдердің алкоголь қолдануы – жастарды суицидтік жүріс-тұрысқа итермелеуші маңызды қауіп-қатер факторлардың бірі болып табылады. Психобелсенді заттарды қолдану суицидтік жүріс-тұрыспен байланысты және маңызды қауіп-қатер факторына жатады. Психобелсенді заттарды қолдану ықтималдылығы суицидтік ойларға берілетін жастардан көрі суицидтік әрекетке баруы мүмкін жасөспірімдерде жоғарырақ болады, сәйкесінше, психобелсенді заттарды қолдану ойдан әрекетке итермелеуі әбден мүмкін екендігін болжауға болады.

**Балалар жарақаты/ Балаларға қатыгездік көрсету/ Қараусыздық**

Психологиялық жарақат – бұл сыртқы әсерлердің себебінен адам психикасының өзгеріске ұшырауы. Оның әсерінен терең эмоционалды уайымдаулар туындайды және әсері ұзақ болмақ. Бала кездегі психологиялық жарақаттың себебі науқастану, зорлық, кемсіту, алдау, сатып кету, көңілі қалу, әділетсіздік, өлім, жақын адамынан айрылу немесе күшті стресс әсерінен болуы мүмкін.

**2. Омилаева Л.Н., Алматы қ., «№99 ЖОББМ» КММ педагог-психологы**

Оқушылардағы суицидтік жүріс-тұрыстың алдын алудың тиімділігі көбінесе білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етудің сапасына, тәуекел тобындағы балалармен жұмыс жасайтын педагогтер мен психологтың кәсіби шеберлігінің деңгейіне байланысты болып келеді.

Суицид профилактикасының жалпы кезеңіндегі психологтың міндеттеріне мыналар жатады:

1. Туындайтын қиындықтардың дер кезінде алдын алу және оларды тиімді шешу мақсатында оқушылардың әлеуметтік-психологиялық статусы және бейімделу ерекшеліктерін зерттеу (психологтың іс-шаралар жоспарында қамтылады).

2. Әр түрлі жас ерекшеліктері бойынша оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін құруға қатысу (педагогикалық қолдау, психологиялық кеңес беру және т.б.).

3. Жалпы мектепшілік және сынып арасындағы іс-шараларды жоспарлауға қатысу, олардың мақсаты - Мен бейнесін, дара және қайталанбас тұлға, коммуникативті құзіреттілік, өмірлік құндылықтарды бағалауды және т.б. қалыптастыруға ықпал ету болып табылады.

Суицидтің алдын алуды жүзеге асыра отырып, біз балалардың әрбір жас кезеңдерінде психологиялық әсерлерге сензитивті болып келетін психологиялық жаңа түзілістердің көрініс беретіндігін білуіміз керек. Осыған байланысты оқушылардың мектептегі барлық психологиялық кезеңдерде өтетін психологиялық іс-әрекет түрлерін негізге ала отырып алғашқы сыныптан бастап жүйелі түрдегі психопрофилактикалық жұмыстарды жүзеге асыруымыз қажет.

<b>Сынып</b>	<b>Оқушылармен жүргізілетін іс-шаралардың негізгі түрлері</b>	<b>Назар аударылатын жағдайлар</b>
1 – 4	Оқушыларда өзіндік бағаның қалыптасуы және дамуы. 9 жаста өлімге қызығушылықтың пайда болуы заңдылық.	Әрине, егер бұл жаста өзіндік баға аздап жоғары болса, онда әлбетте, өлімге қызығушылық білдірудің салдарынан қауіпті әрекеттер жасалуы ықтимал.
5	Орта буынға бейімделу. Ұжымдық іс-әрекетке қызығушылықтың жандануы.	Балалық ұяңдықты, мазасыздықты коррекциялау; Баланың эмоционалды сферасын дамыту
6	Адам өміріндегі эмоционалды-еріктік сферасына қызығушылықтың жандануы	Эмоционалды-еріктік сфераны дамыту және коррекциялау. «Батыр, ерлік, патриот» ұғымдарының рефлексиясы
7	Өзіндік бағаның күрт төмендеуі; Агрессивтіліктің, мазасыздықтың, ренжігіштіктің артуы, қарым-қатынастағы реакциялардың үйлесімсіздігі	Қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Өзін-өзі бағдарлау дағдыларын қалыптастыру, ересектер тарапынан (отбасы, педагогтер) эмоционалды



		қолдау табуға деген қажеттілікті қанағаттандыру
8	Мазасыздық пен агрессивтіліктің сәл ғана азаюы тұрақсыз өзіндік бағамен үйлесім табады. Кәсіби қызығушылықтардың жандануы	Қарым-қатынас дағдыларын дамыту; өзіндік бағдарлану дағдыларын қалыптастыру; кәсіби қызығушылықтарды алғашқы зерттеу
9	Кәсіби қызығушылықтардың жандануы; өзі туралы психологиялық білімдерге қажеттіліктің артуы; өмірдегі мақсаты мен оның мәнін іздеу; «әкелер мен балалар» қақтығысы оянады	Оқушыларды бейіндік таңдау жасауға психологиялық, педагогикалық дайындау. Өзі туралы психологиялық білімдерді ескере отырып өмірлік мақсатты айқындау мен жоспар құруды үйрету
10-11	Кәсіби өзіндік анықталу. Махаббат, отбасылық қарым-қатынастар туралы ойларға кету. Жастық максимализм, идеализм, өмірлік құрылымдарды жоғары деңгейде сынға алу, пікірлер мен қылық-әрекеттердің түбегейлі сипатты болуы. Ішкі өзіндік пәлсапаның, өмірге деген, оның мағынасына деген көзқарастың пайда болуы.	Оқытудың, қарым-қатынас жасаудың, тәрбиелеудің дәстүрлі емес педагогикалық және психологиялық тәсілдері. Оқушылар қоятын сауалдарға жауап табуға мұғалімнің әрдайым дайын болуы.

***Аутоагрессивті жүріс-тұрысты түзету бойынша алдын алу жұмыстарында қолдануға болатын іс-шаралар:***

1. Сынып сағаттары, психолог сағаттары, дөңгелек үстелдер, оқушылармен өзіндік бағалауды арттыру, өз тұлғасына үйлесімді көзқарасты дамыту, түсіністік бойынша жеке және топтық дамытушы сабақтар.
2. Жеке және топтық әңгімелесулер, кеңес беру, ата-аналар жиналысы, дөңгелек үстелдер, аталған тақырып бойынша ата-аналарға және педагогтерге арналған дәріскерлер.

***Іс-шаралардың мақсаты:***

- мұғалімдердің, ата-аналардың суицидтің мүмкін болатын белгілері, қауіп-қатер факторлары және бұл жағдайда әрекет ету жолдары туралы білімдерден хабардар болуды арттыру;
- қоғамда бар әлеуметтік жүріс-тұрыс нормаларын сіңіру.

### 3. Солоненко О.А., Алматы қ., «№ 60 ЖББОМ» КММ педагог-психологы

#### **Бала өз құрбылары тарапынан зорлық көріп жүргенін қалай анықтауға болады.**

Суицидтік жүріс-тұрыс белгілерін ерте анықтау үшін ескеретін ерекше маңызды жайттар:

- берілген аурулар немесе ми жарақаттары туралы есеп;
- отбасында және мектептегі күрделі қарым-қатынастардың бала психикасына қосымша стресс-фактор ретінде әсер етуі;
- аса шамданғыштық, әсерленгіштік, жасқаншақтықтың пайда болуы, өзін олқы сезіну, өз кемшіліктерін әсірелеу, жетістіктері мен артықшылықтарын кемсіту.

Қандай белгілер бойынша баланы *қорқытып жүргенін* білуге болады:

1. Оның үйдегі жүріс-тұрысы өзгереді: ол аз сөйлейтін болып кетеді, кейде - дөрекі.
2. Ол мектепке бармау үшін үнемі бір сылтаулар іздей бастайды: іші ауырады, басы ауырады, құсқысы келеді.
3. Жағдайдан қашу позициясын ұстануы мүмкін. Басқаша айтқанда, мектепке барып жүргендей кейіп танытады (уақытында оянып, тұрады, жиналып, сабаққа кеткендей үйден шығады), бірақ мектепке дейін жетпейді.
4. Ол күнделікті тұтынатын қаражатынан көп ақша сұрай бастайды, соңына түскендердің сұранысын қанағаттандыру үшін тіпті ата-анасынан ұрлай бастауы мүмкін.
5. Кейбіреулері тұйықталып кетеді, бұрынғы достарымен кездесуді доғарады. Ал басқалары өзінен кішілерге агрессивті бола бастайды, себебі көрген зорлық-зомбылық ары қарай да ашу-ыза тудырады.
6. Көбінесе бұл оқу үлгеріміне әсер етеді. Бала алаңғасар бола бастайды және болмашы ескертулердің өзіне еңіреп қоя беруге дайын тұрады.
7. Ең соңғысы, оның денесінен ұрып-соғудың іздерін байқайсыз. Алайда ол осының барлығын қайдан пайда болып жатқанын дұрыстап түсіндіре алмайды.

Сонымен бірге, егер бала зорлық-зомбылық көріп жүрсе, бұл жанама белгілерден де байқалуы мүмкін:

- мазасыз ұйықтау;
- тұйықтық;
- әдеттегі жүріс-тұрысынан өзгеру;
- оқуда себепсіз қиындықтардың туындауы;
- негізсіз сабақты босату;
- агрессивтілік;
- мұғалімдермен, ата-анасымен, құрбыларымен қақтығыстардың туындауы;
- селқостық, күйзеліс;
- достарының ауысуы;
- невротикалық реакциялар: шыжың, кекештену.

## **Мектептегі әлеуметтік педагогтар үшін суицидтің алдын алу бойынша жұмыс алгоритмі**

### **1. Суицидтік тәуекел топтарын анықтау.**

Кім көмектеседі: сынып жетекшілері; медициналық қызметкер; психолог; ата-аналар.

Ақпаратты қайдан аламыз: социометрия; әлеуметтік паспорт; медициналық карталар; әңгімелесулер.

Назар аударатын жағдайлар:

- отбасылық тәрбиелеу жағдайлары (әкесінің жоқтығы; отбасылық қарым-қатынастағы матриархаттық стиль; маскүнем, психикалық науқасы бар отбасында тәрбиеленуі; өзіне-өзі қол жұмсау жағдайлары болған отбасында тәрбиеленуі; ата-аналарының ажырасуы; жақын адамының қайтыс болуы және т.б.);

- өзіне тым артық сыни көзқараста болу;
- алкоголь мен есірткіні шамадан тыс зиянды қолдану;
- суицидтік әрекеттер жасау;
- мінез акцентуациясы;
- әлеуметтік ортасынан оқшаулау;
- ерекше қымбат және сүйіспеншілік қарым-қатынастардың ажырауы;
- физикалық дамудың кемшіліктері (кекештік, сақаулық және т.б.);
- қылмыстық жауапкершілікке тартылатын әрекет жасау;
- ұзақ уақыт соматикалық науқастану;
- еңбекке қиын бейімделу және т.б.

Кейінгі жылдары әлеуметтік-педагогикалық мәселелерден бөлек жастар арасындағы субмәдениеттерге байланысты (готтар, аниме, эмо, гламур және т.б.) суицидтік ойлардың бағыт алуы байқалады. Олардың көбісінде өмірдің мағынасыз екендігі, және «сұлу» өлім жайлы «насихат» жүреді.

### **2. Педагогикалық ұжымда атқарылатын алдын алу шаралары.**

Кім көмектеседі: психолог; мектеп әкімшілігі; әлеуметтік-психологиялық орталықтар; медициналық қызметкер.

Не істейміз: педагогикалық кеңестерде баяндама жасау; жадынамалар; мектеп әкімшілігі мұғалімдердің оқушыларды кемсіту, қорлау, психологиялық және физикалық зорлық пен қысым көрсету фактлерін болдырмау мақсатында педагогтардың қарым-қатынас стильдеріне бақылау жүргізу.

Не туралы айтамыз:

- педагогтермен балалар және жасөспірімдер арасындағы бейімделмеушілік мәселелері, сонымен қоса суицидтік жүріс-тұрыс тақырыбында ағартушылық жұмыс жүргізіледі, балалар мен жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу шаралары туралы ақпарат беріледі.

Сыныпта жағымды әлеуметтік-психологиялық климаттың болуы.

### **3. Ата-аналармен алдын алу жұмыстары.**

Кім көмектеседі: сынып жетекшісі; психолог; әлеуметтік-

психологиялық орталықтар; медициналық қызметкер.

Не істейміз: ата-аналар жиналысы; стендтегі ақпарат; үнпарақ.

Не туралы айтамыз: ата-аналардың кәметке толмаған балалары үшін жауапкершілігі; қажеттілік туындаған жағдайда қайда бару керек; сенім телефоны; мүмкін болатын суицидтің белгілері, қауіп-қатер факторлары және ондай жағдайда әрекет ету жолдары.

#### **4. Оқушылармен жүргізілетін алдын алу жұмыстары.**

Кім көмектеседі: сынып жетекшісі, психолог, пән мұғалімдері; әлеуметтік-психологиялық орталықтар; медициналық қызметкер.

Не істейміз: сынып сағаттары; әңгімелесулер; стендтік ақпарат; үнпарақтар; акциялар; дөңгелек үстелдер.

Өзара әрекеттесу түрлері: сендіру, көзін жеткізу; мадақтау; дауыс ырғағы қатал болуы тиіс; қарым-қатынас тобын құру; өзіндік бағалау, өзіндік бағдарлану, индивидуализмді, агрессивтілікті жеңу әдістерін коррекциялау.

### **Девиациялардың жағымсыз әсерлерінің алдын алу бойынша іс-әрекет алгоритмі**

1. Сыныпты топтық зерттеу (бақылау, сауалнама алу, әңгімелесу арқылы жүріс-тұрысында ауытқушылықтары бар балаларды анықтау).
2. Бұзылыстарды диагностикалау және диагностикалық карталарды толтыру.
3. Алынған нәтижелерді талдау.
4. Ауытқулардың себептерін анықтау.
5. Бұзылыстардың түрлері бойынша балалармен, ата-аналармен, педагогтармен жұмыстың негізгі бағыттарын белгілеу.
6. Балалармен, ата-аналармен, педагогтармен жеке және топтық жұмыстарды жоспарлау.
7. Жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы.
8. Даму динамикасын талдау. Даму бағдарламасын түзету.

## **Педагог-психологтарға арналған қосылған бақылау хаттамасы**

Жеке кеңес беру педагогтың сұранысы (өтініші) бойынша жүргізіледі және педагог-клиентпен жасалған жұмыс арнайы дайындалған хаттамаға тіркеледі. Хаттаманың мазмұны құпия сақталады және педагог-психолог клиентпен психотерапиялық жұмысы барысында ғана қолданады.

**1-баған. Кеңес беру уақыты.** Психологтың жазбасын жүргізген кезеңдегі кеңес беру уақыты жазылады (Мысалы – кеңес берудің басталуынан 10 мин., 25 мин., және т.б.)

**2-баған. Клиенттің мінез-құлқы.** Клиенттің мінез-құлқындағы вербалды және вербалды емес ерекшеліктер, кеңес берудің басында және бүкіл әңгіме бойы өзін қалай ұстауы, ішкі жай-күйі жазып алынады.

**3-баған. Кеңес берудің басталуы.** Кеңес берудің басында клиенттің позициясы (белсенді, енжар), әңгіменің «тиегін ағыту» үшін психолог тарапынан әдіс-тәсілдер қолданылды ма, клиентте өзгерістер болды ма.

**4-баған. Клиенттің шағымы.** Клиенттің өз қиындықтары туралы әңгімелесуінің ерекшеліктері (ол кімге немесе не нәрсеге шағымданады, өзін қорғайтын қандай аргументтер келтіреді, өзінің мәселелі жағдайын қалай сипаттайды).

**5-баған. Клиенттің түсіндірмесі.** Клиенттің интерпретациясы және жағдайды бағалауы, мәселенің мәнін түсіндіруі, оған көзқарасы, қиын жағдайдағы өзінің алатын орны, оның туындауына қатысы және көңілі қалуы.

**6-баған. Клиенттің позициясы.** Клиенттің өз мәселесіне қатысты позициясы қандай (енжар, жапа шегуші, көндігу, апатия, күйзеліс немесе белсенді, оптимистік, бір нәрсені жақсартуға деген құлшыныс айқын, күш салуға даяр).

**7-баған. Клиенттің күтулері.** Клиент психологтан және кеңес беруден не күтеді (психологиялық қолдау, нақты көмек, кеңестер мен ұсыныстар, жай ғана шер тарқатып әңгімелесу ...).

**8-баған. Әңгімеге дайындығы.** Әңгіме кезіндегі клиенттің сенім білдіру және ашық болуы дәрежесі, клиенттің тарапынан психологиялық қорғаныстардың көрініс беруі.

**9-баған. Психологқа қарым-қатынасы.** Клиент психологқа қандай көзқараста болады, және ол кеңес беру барысында қалай өзгерді.

**10-баған. Психологтың кеңестеріне көзқарасы.** Психологтың әңгімелесу соңында берген ұсыныстары мен кеңестеріне клиенттің көзқарасының ерекшеліктері (психолог кеңестерін жүзеге асыруға шынайы ұмтылыс, немесе пассивті болуы, өзінің қиын жағдайын өзгертуге құлшыныстың жоқтығы)

**11-баған. Болжам.** Психолог клиенттің болжамды мінез –құлқынан және оның мәселелі жағдайының дамуы туралы алған әсерін жазады.

*Дерек көзі: Самоукина Н. (1997) «Мектепке дейінгі балаларды кешенді сүйемелдеу». Редакциялаған Л.М. Шипицына.*

## V бөлім. Қарағанды облысында суицидтің алдын алу бойынша іс-шаралар

### Қарағанды облысы бойынша кәмелетке толмағандар арасында суицидтік жүріс-тұрыстардың 2017 жылғы талдауы

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есептер жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша 2017 жылы кәмелетке толмағандар арасында 167 аяқталған суицид және 356 суицидтік әрекеттер тіркелген. 2016 жылмен салыстырғанда аяқталған суицидтердің 4,6 %-ға (2016ж. - 175), суицидтік әрекеттердің 13,4%-ға (2016ж. - 411) азайғаны байқалады.

Қарағанды облысында 2015 жылмен салыстырғанда 2017 жылы кәмелетке толмағандар арасындағы суицид фактлерінің 60-тан 42-ге немесе 30%-ға азайғаны байқалады.

#### **Анықтама:**

**2015 жылы – 60 факт** (52 суицидтік әрекет және 8 аяқталған);

**2016 жылы - 35 факт** (25 суицидтік әрекет және 10 аяқталған);

**2017 жылы - 42 факт** (29 суицидтік әрекет және 13 аяқталған).

Суицидтік әрекетке **20 мектеп оқушысы** (47,6%) және **9 колледж студенті** (21%) барған. **10 оқушы** (24%), **2 колледж студенті** және **1 ЖОО студенті** (7%) өз өмірлерін қиған.

Егер соңғы үш жылда суицидтік әрекеттерге 15-17 жастағы, 2017 жылы 12 жастағы (12 жас – 7 (16,6%), 13 жас – 4 (9,5%), 14 жас – 5 (12%), 15 жас – 7 (16,6%), 16 жас – 8 (19%), 17 жас – 11 (26,3%)) тұлғалар барған болса, биылғы жылы – 10 жастан бастап (10 лет – 2 (16,7%), 13 лет – 1 (8,3%), 14 лет – 2 (16,7%), 15 лет – 1 (8,3%), 16 лет – 1 (8,3%), 17 лет – 5 (41,7%)) балалар өз өмірлеріне қол сұққан.

Гендерлік арақатынас: суицидтік әрекеттер қыз балалар арасында жиірек **29-дан 24 жағдай** (немесе 82,7%), ал аяқталған суицидтер қыздар арасында **13-тен 8 жағдайға** көтерілген (немесе 61,5%).

«Қала» мен «ауыл» арақатынасы: **13 аяқталған суицидтік жағдайдың 8-і** (немесе 61,5%) қалада тұратын кәмелетке толмағандар арасында жасалған.

Суицидтік әрекеттердің саны бойынша **25 жағдай** (немесе 86,2%) қалалы жерге тиесілі болса, **4 жағдай** (немесе 13,8%) ауылдық жерде орын алған.

Қолайлы отбасындағы кәмелетке толмағандар арасында суицидтік жүріс-тұрыс қалыпты түрде артуда: **42 фактің 13-ін** (немесе 31%) қолайлы отбасындағы жасөспірімдер жасаған.

Суицидтердің себептері: отбасындағы қақтығыстар – **12 жағдай** (немесе 28,6%), құрбыларымен қақтығыстар – **2 жағдай** (немесе 4,8%), байқаусыздан – **3 жағдай** (немесе 7,1%), жақын туысқанынан айырылуды уайымдау, ақша

жоғалту, жауапсыз махаббат, өз бетімен үйден кету – 1 жағдайдан (немесе 4,8%), қалған 21 жағдайдың (немесе 50%) себептері анықталмаған.

Аяқталған суицидтерді жасау әдістері бойынша: анағұрлым жиі кездесетіні асылу – **9 жағдай** (немесе 70%), биіктіктен құлау – **3 жағдай** (немесе 23%), сірке қышқылынан улану – **1 жағдай** (немесе 7,5%).

Суицидтік әрекеттерді жасауда көбінесе медикоментозды улану – 14 жағдай (немесе 48,3%), кесу – 7 жағдай (немесе 24%), биіктіктен құлау - 5 жағдай (немесе 17,2%), асылу – 2 жағдай (немесе 7%), басқа – 1 жағдай (немесе 3,5%).

## **1. Қарағанды облысында кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу Жобасын енгізу бойынша Жол картасы**

«Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы суицид әрекеттерінің алдын алу жобасын кезең-кезеңмен енгізу туралы» (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 02.03.2015 жылғы № 95, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 27.02.2015 жылғы № 102, ҚР Ішкі істер министрлігінің 11.03.2015 жылғы № 201) бірлескен бұйрығына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 139-ө Өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасында отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани адамгершілік құндылықтарды нығайтудың 2015-2020 жылдарға арналған жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 36- тармағына сәйкес Қарағанды облысында кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу Жобасын енгізу бойынша 2017 жылға Жол картасы қабылданды.

Қарағанды облысында суицидтің алдын алу жобасы «Қарағанды облысы білім басқармасы» ММ басшысының «Кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жобасын енгізу туралы» 2017 жылғы 14-тамыздағы № 314 Бұйрығы негізінде және 2017-2018 жылдарға арналған Қарағанды облысында кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жобасын жүзеге асыру бойынша Жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

## **2. Суицидтің алдын алудағы барлық кезеңдерде сектораралық өзара әрекеттесу алгоритмі**

**Қарағанды облысы білім беру ұйымдарының әкімшіліктері, денсаулық сақтау ұйымдары және ІІ басқармасының «тәуекел тобындағы» балалардың ата-аналарымен бірге оқушыға қолдау көрсету және өзара әрекеттесу АЛГОРИТМІ.**

Балаға міндетті білім беру, оқыту және тәрбиелеу, елдің болашағы үшін құзіретті тұлға қалыптастыру мақсатында оның толыққанды дамуына қажетті жағдайлар қамтамасыз етілуі тиіс.

Бұл миссияның орындалуы үшін балалардың өміріндегі жағымсыз әлеуметтік қауіп-қатерлерді азайту, отбасы мәдениетін арттыру және жалпы

елдің азаматтарына, әсіресе жастардың тұлғасына құрмет көрсетуді қалыптастыру бойынша ұзақмерзімді және толық көлемді жұмыстар атқарылуы қажет. Сондықтан «тәуекел тобындағы» балалардың қатарына жатқызылатын қолайсыз жағдайлар мен отбасыларда өсіп келе жатқан балаларға қолдау көрсетуге арналған кәсіби бағдарламаларды енгізу мен мәселені тиімді шешу жолдарын іздеу мен тандауда үйлесімді көзқараспен қарау керек болады.

«Тәуекел тобына» алынатын баланың физикалық және психологиялық денсаулығы қиын жағдайда, оның оқытылуы мен тәрбиеленуі оның өмірі үшін қолайсыз, тіпті қауіпті жағдайда болуымен сипатталады.

1. Кәмелетке толмаған баланың ата-анасымен заңды түрде келісімді сақтау және рәсімдеу мақсатында оқушы тұлғасын әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен кәсіби диагностикалау үшін ресми рәсімделген келісім жасалуы қажет.

2. Жоспарланған психологиялық-педагогикалық диагностикалау жұмыстарын жүргізу.

3. Оқушының психологиялық портретін құрастыру.

4. Оқушы жанұясының әлеуметтік портретін құрастыру.

5. «Тәуекел тобына» жататын балаларды анықтау.

6. Отбасында тәрбиелеудің психологиялық ерекшеліктерін және өзара қарым-қатынас стилін анықтау.

7. Хаттама рәсімдеу және оқушының жанұясына тиімді қолдау көрсету алгоритмін анықтау мақсатында баланың психологиялық портретіндегі ерекшеліктерін және оны әлеуметтік сүйемелдеу шарттарын ата-анасымен келісу.

8. Білім беру ұйымдарындағы мамандар тарапынан ата-аналарға арналған оқушылар мен олардың ата-аналарына ары қарай отбасын тәуелсіз қолдау орталықтарында сүйемелдеу үшін ұсыныстар жасау.

9. Білім беру ұйымдарының мамандарымен, денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлерімен және кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторымен (одан әрі – мектеп инспекторы) ата –аналар өзара әрекеттесуге құлықты болмаса, онда ата-аналардың өз балаларының тәрбиесі үшін құқықтық жауапкершіліктің болмауы туралы әкімшілік хаттаманы толтыру үшін мүмкіндік беру.

10. Оқушының ата-анасына кәсіби медициналық көмек алу және бала денсаулығы туралы шынайы қорытынды жасау үшін медициналық мекемеге (микроаумақ бойынша - емханаға) апару бойынша жолдаманы рәсімдеу.

11. Баланың жағдайы туралы алынған медициналық қорытындыға сәйкес оны ары қарай сүйемелдеу немесе білім беру ұйымында коррекциялық жұмыстар жүргізу арқылы, немесе стационарлық медициналық мекемеде бақылауда жүзеге асырылады.

12. Бала өмірі мен денсаулығы, психологиялық денсаулығын сақтау үшін қажетті шараларды қабылдау туралы білім беру ұйымы әкімшілігінің сұраныстарына ата-аналардың немқұрайдылық танытуы және елеусіз



қалдырған жағдайларда олармен өткізілген кездесулер мен әңгімелесулердің хаттамасы Қарағанды облысы ІІБ жергілікті полиция қызметінің ювеналды полиция бөліміне (одан ары – ЖПҚ ЮП) жіберіледі.

**«Тәуекел тобындағы» оқушыларға білім беру ұйымының әкімшілігі олардың ата-аналарымен және Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының қолдау көрсету және өзара әрекеттесу АЛГОРИТМІ.**

1. Оқушының ата-анасымен оқушы тұлғасының даму ерекшеліктерін анықтау мақсатында психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу бойынша келісімнің шарттарын сақтау.

2. Жоспарланған психологиялық-педагогикалық диагностикалау жұмыстарын жүргізу.

3. Оқушының психологиялық портретін құрастыру.

4. Оқушы жанұясының әлеуметтік портретін құрастыру.

5. «Тәуекел тобына» жататын балаларды анықтау.

6. Медициналық мамандарға жолдама рәсімдеу мақсатында баланың психологиялық портретіндегі ерекшеліктерін және оны әлеуметтік сүйемелдеу шарттарын ата-анасымен келісу.

7. Емхана әкімшілігіне баланың психологиялық және әлеуметтік жағдайында анықталған жағымсыз ерекшеліктер туралы ақпараттан (баланы білім беру ұйымдары мен емхананың әлеуметтік-психологиялық-медициналық сүйемелдеу бойынша мамандардағы бекітілген бірлескен ақпараттық базаға сәйкес) хабардар ету.

8. Баланың ата-анасына кәсіби медициналық көмек алу және бала денсаулығы туралы шынайы қорытынды жасау үшін медициналық мекемеге (микроаумақ бойынша - емханаға) апару бойынша жолдаманы рәсімдеу.

9. Баланың жағдайы туралы алынған медициналық қорытындыға сәйкес оны ары қарай сүйемелдеу немесе білім беру ұйымында коррекциялық жұмыстар жүргізу арқылы, немесе стационарлық медициналық мекемеде бақылау арқылы жүзеге асырылады.

**«Тәуекел тобындағы» оқушыларға білім беру ұйымының әкімшілігі және Қарағанды облысы ІІБ Жергілікті полиция қызметінің ювеналды полиция бөлімімен бірлесе қолдау көрсету және өзара әрекеттесу АЛГОРИТМІ.**

1. Оқушының ата-анасымен оқушы тұлғасының даму ерекшеліктерін анықтау мақсатында психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу бойынша келісімнің шарттарын сақтау.

2. Жоспарланған психологиялық-педагогикалық диагностикалау жұмыстарын жүргізу.

3. Оқушының психологиялық портретін құрастыру.

4. Оқушы жанұясының әлеуметтік портретін құрастыру.

5. «Тәуекел тобына» жататын балаларды анықтау.

6. Медициналық мамандарға жолдама рәсімдеу мақсатында баланың психологиялық портретіндегі ерекшеліктерін және оны әлеуметтік сүйемелдеу шарттарын ата-анасымен келісу.

7. Мектеп инспекторының баланың психологиялық және әлеуметтік жағдайында анықталған жағымсыз ерекшеліктер туралы әкімшілік хаттама (ата-анасын шақырту және қол қоюымен) толтыруы.

8. Баланың ата-анасына кәсіби медициналық көмек алу және бала денсаулығы туралы шынайы қорытынды жасау үшін медициналық мекемеге (микроаумақ бойынша - емханаға) апару бойынша жолдаманы рәсімдеу.

9. Баланың жағдайы туралы алынған медициналық қорытындыға сәйкес оны ары қарай сүйемелдеу немесе білім беру ұйымында коррекциялық жұмыстар жүргізу арқылы, немесе стационарлық медициналық мекемеде бақылау арқылы жүзеге асырылады.

10. Бала өмірі мен денсаулығы, психологиялық денсаулығын сақтау үшін қажетті шараларды қабылдау туралы білім беру ұйымы әкімшілігінің сұраныстарына ата-аналардың немқұрайдылық танытуы және елеусіз қалдырған жағдайларда олармен өткізілген кездесулер мен әңгімелесулердің хаттамасы Қарағанды облысы ІІБ ЖПҚ ЮП жіберіледі.

Қарағанды облысының  
білім басқармасы

«15» қаңтар 2017ж.  
№ 109

Қарағанды қ.

Қарағанды облысының  
денсаулық сақтау басқармасы

«14» 03 2017ж.  
№ 176-8

Қарағанды қ.

Қарағанды облысының  
Ішкі істер департаменті

«18» 03 2017ж.  
№ 201

Қарағанды қ.

### Бірлескен бұйрық

Аяқталған суицид (жасауға әрекеттену)  
фактілеріне қызметтік тергеу  
жүргізу тәртібі туралы

Кәмелетке толмағандар арасында суицид немесе суицид жасауға әрекеттену фактісі бойынша дер кезінде қызметтік тергеу жүргізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қарағанды облысының білім, денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, мәдениет, мұрағаттар және құжаттама, жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалары, ішкі істер департаменті (келісім бойынша), білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы қызметкерлерінің арасынан облыстық мобильді топ құрылсын.

2. Бекітілсін:

2.1 кәмелетке толмағандардың суицид жасау (әрекеттену) фактісі бойынша қызметтік тергеу жүргізудің негізгі амалдары (№ 1 қосымша);

2.2 кәмелетке толмағандардың суицид жасау (әрекеттену) кезіндегі жергілікті мобильді топқа арналған іс-әрекетінің негізгі алгоритмі (№2 қосымша);

2.3 кәмелетке толмағандардың суицид жасау (әрекеттену) фактісі бойынша қызметтік тергеудің қорытындысы негізінде білім басқармасына ұсынылатын материалдар тізбесі (№3 қосымша);

2.4 кәмелетке толмағандардың суицид жасау (әрекеттену) бойынша қызметтік тергеу нәтижесінің актісі (№ 4 қосымша);

2.5 суицид жасаған (әрекеттенген) кәмелетке толмағанның психологиялық-педагогикалық мінездемесі (№5 қосымша).

Аудан, қала білім бөлімдерінің басшылары:

3. Қамтамасыз етсін:

3.1 білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірленуін;

3.2 суицид жасау (әрекеттену) кезінде қызметтік тергеуді өткізудің негізгі тәртібіне сәйкес дер кезінде қызметтік тергеу жүргізілуін;

3.3 жергілікті мобильді топтың қызметтік тергеу қорытындысы бойынша материалдарды облыстық білім басқармасына белгіленген мерзімде ұсынылуын.

4. Бала құқығын қорғау, қорғаншылық және қамқоршылық бөлімі (А.Е. Қантарбаева):

4.1 білім беру ұйымдары оқушыларының арасында суицид немесе суицид жасауға әрекеттену оқиғаларына мониторинг жүргізісін;

4.2 облыстық білім беру ұйымдарында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жұмысын жетілдіру бойынша шаралар қабылдасын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасары Г.К. Ахметкаримоваға, денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Г.К. Мамалиноваға және жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары Н.А. Рахимбековқа жүктелсін.

Қарағанды облысы білім  
басқармасының басшысы  
А. Аймағамбетов

Қарағанды облысы  
ІІД бастығы  
генерал-майор  
М. Жаппаров

Қарағанды облысы денсаулық  
сақтау басқармасының басшысы  
Е. Нұрлыбаев

### 3. Мобильді топтың жұмысы

№1 қосымша  
Бірлескен бұйрыққа

#### Кәмелетке толмағандардың суицид немесе суицид жасауға әрекеттену фактісі бойынша қызметтік тергеу жүргізудің негізгі амалдары

«Қазақстан Республикасындағы кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің алдын алу жөніндегі жобаны кезең-кезеңмен енгізу туралы» (ҚР ДСӘД 27.02.2015ж. №102, ПД 11.03.2015ж. №201, БҒМ 02.03.2015ж. №95) бірлескен бұйрық негізінде қызметтік тергеу амалдары ұйымдастырылады.

Кәмелетке толмағанның суицид немесе суицид жасауға әрекеттену сәтінен бастап екі апталық (14 күн) мерзім ішінде тергеу жүргізіледі.

Жергілікті мобилді тобы кәмелетке толмағанның суицид немесе суицид жасауға әрекеттену қызметтік тергеу жүргізу барысында келесі жағдайлар белгіленеді:

1. **Сипаттайтын материал:** кәмелетке толмаған (мінез-құлқының негізгі көріністері, әдеті, жас ерекшеліктері, мектептегі, отбасындағы мінез-құлқы, сыныптастарымен, достарымен, құрдастарымен қатынасы, оқуға қатынасы, үлгерімі көрсетілген) психолого-педагогикалық мінездемесі, өз-өзіне қол жұмсауға әрекеттенуі орын алғанда кәмелетке толмағанның және оның ата-анасының (заңды өкілдерінің), достарының, сыныптастарының, сынып жетекшісінің, әлеуметтік педагогтың, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының өз-өзіне қол жұмсау түрткісіне қатысты **түсініктемесі**, сабаққа қатысуы және үлгерімі туралы деректер (сынып журналының сәйкес беттерінің көшірмелері), сабақтан тыс уақыттағы қамтылуы, қызығушылықтары, педагог-психологтың 2–жыл ішінде жүргізген диагностика нәтижелері (тест көшірмесі, тест интерпретациясы, ұсыныстары және т.б.), үй-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі). Кәмелетке толмаған басқа оқу мекемесіне немесе басқа оқу түріне ауысқан жағдайда ауысу себебі анықталып, сәйкес құжаттар (өтініш, ПМПК қорытындысы және т.б.) қосымша беріледі.

2. **Суицид жасауға немесе оған әрекеттенуге итермелейтін әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды сипаттау:**

- отбасылық сәтсіздік, ата-аналардың (заңды өкілдердің) тұрақты жұмыс орнының болмауы;

- отбасының материалдық деңгейі;

- отбасында сенімді қарым-қатынастың болмауы, авторитарлық стильдегі қарым-қатынас, күн режимінің сақталуын бақылаудың болмауы және т.б.;

- ата-аналар (заңды өкілдер) мен қоса кәмелетке толмаған баланың да ішімдікті қолдануы;

- өмірлік қиын жағдайдағы отбасы ретінде профилактикалық есепке қойылуы;

-кәмелетке толмаған баланың бос уақытының ұйымдастырылуы;

- педагог-психологтың уақтылы психолого-педагогикалық көмегінің берілмеу себебін көрсету, (педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың болмауы, сынып сағаттарының, ата-аналар жиналыстарының, тәрбиелік шаралардың өткізілмеуі, жеке әңгіме, тестілеу, сауалнамалардың жүргізілмеуі және т.б.) себептерін анық көрсету.

Кәмелетке толмағанның мәселесін анықтауға бағытталған қажетті шараларды айқындау мақсатында **уақтылы профилактикалық есепке қойылуы мен уақтылы анықталуы**: кәмелетке толмағанның, оның ата-анасының (заңды өкілінің) **жеке психолого-педагогикалық тұрғыдан келуді қажет ететіндер ретінде** профилактикалық, мектепшілік есепте тұрды ма.

**Мәселенің толық әрі, уақтылы анықталуы, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық көмектің көрсетілуі.**

Егер кәмелетке толмаған профилактикалық есепте тұрған немесе әлі де тұратын жағдайда, бұрын өз-өзіне қол жұмсауға әрекеттенген болса, өз-өзіне қол жұмсау ниетін білдірген жағдайлар болса: онда жеке - профилактикалық жұмыс жоспарының көшірмесі, оның орындалғанын дәлелдейтін құжаттар (тестілеу, сауалнама, актілер, жүргізілген әңгіме, мониторинг) тапсырылады, педагогикалық консилиум құжаттары:

- кәмелетке толмағанды, оның ата-анасын (заңды өкілін) психолого-педагогикалық көмекпен қамтуға сынып жетекшінің, психологтың, әлеуметтік педагогтың, пән мұғалімдерінің жұмыс жоспарлары, (қажеттілігіне орай, егер сабақты көп босатқан жағдайда пәндер бойынша «мектептік табыссыздық» және т.б. ) және оның орындалысы;

- өз-өзіне қол жұмсауға әрекеттенген кәмелетке толмағанға қатысты, өліммен аяқталған жағдайда оның (оның жақын ортасы арасында) бастапқы және қайталама оңалту шараларымен қамтылғандығын дәлелдейтін құжаттар;

- құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңес отырысының хаттамасы (2 оқу жылы бойынша).

**3. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстан сақтандыру және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу органдарымен өзара іс-әрекеті (уақтылы жүргізілуі мен толықтығы):**

- өзге де алдын алу органдарын (КТІ және ҚҚК, әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, қорғаншылық және қамқоршылық, жастар ісі жөніндегі, қосымша білім беру ұйымдары) тарту негізінің бар болуы (қажетсіздігін) анықтау, кәмелетке толмағанның мәселесі (ата-анасымен (заңды өкілімен) қақтығысты қарым-қатынасын), отбасындағы тәрбиелеудің авторитарлы стилі, бала тәрбиесінде ата-ананың өз міндеттерін орындаудан жалтаруы, қоғамға жат өмір салтын ұстануы, ішімдік қолдануы,

зорлық-зомбылық көрсетуі және т.б., демалыс іс-әрекетімен қамтылмауы, әл-ауқаттың төмен деңгейі, және т.б.).

Білім беру мекемесінің кәмелетке толмағанға және оның отбасына өзге де профилактикалық органдардың көмегімен қамтылуға байланысты ақпараттың уақтылы берілуіне баға беру, көрсетілген көмек немесе көмек көрсетуден бас тарту фактілерін көрсету.

Айқындау: Сәйкесінше шаралар қабылдау үшін білім беру мекемесі заң орындарына профилактикалық жүйе органдарының салғырттық танытуы туралы хабардар етті ме?

**4. Білім беру мекемесі педагогтарының біліктілікті арттыру курстарынан өтуі.**

**№2 қосымша**

*Бірлескен бұйрыққа*

### **Кәмелетке толмағандардың суицид жасау (әрекеттену) кезіндегі жергілікті мобильді топтың іс-әрекетінің негізгі алгоритмі**

#### **Суицид жасауға әрекеттену фактісі анықталған кезде**

Өмірмен қоштасуға бел буған баланың ата-анасы ауруханаға немесе денсаулық сақтау ұйымдарына хабарлаған кезде соған сәйкес шаралар қабылдау үшін ішкі істер органдары дереу хабарланады, бұдан әрі кәмелетке толмағанның оқу орны бойынша білім беру ұйымдарына хабарланады (әрі қарай – жергілікті мобилді топ, білім басқармасы, сондай-ақ заңнамада кәмелетке толмағандардың қадағалау туралы прокурор (суицидке қатысы жоқ фактілер тіркелуіне жол бермеу мақсатында тәулік уақытына, жексенбі және мереке күндеріне қарамастан хабарланады).

Кәмелетке толмаған жасөспірім өз-өзіне қол жұмсаған сәттен бастап психолог (заңды өкілдерінің келісімі бойынша) тиісті жұмыстарды жүргізеді.

Әрі қарай, кәмелетке толмағанмен әңгімелесу қорытындысы бойынша әр балаға жеке тұжырым жасалып, қиын өмірлік жағдайдан шығу және оналту бойынша одан әрі іс-әрекет жасауға ұсыныс беріледі.

Қайта суицид жасау әрекетіне әкеліп соқтырмайтындай, қоғамда және өз құрдастары арасында жарияланбауының алдын алу үшін психолог тұжырымы мен ұсыныстары денсаулық, білім беру және ішкі істер органдарына қатаң құпия тәртіпте жіберіледі.

Бала оқушысы болып табылған жағдайда, білім беру ұйымдары тұжырымы мен ұсыныстарын білім беру ұйымдарының психологтарына береді, ал денсаулық сақтау органдары өз кезегінде, бала оқу үдерісімен қамтылмаған жағдайда, тұжырым мен ұсыныстар баланың тұрғылықты жері бойынша емханаларға жіберіледі.

Қолдағы тұжырым мен ұсыныстарды, сондай-ақ, оқу мекемесінің, емханалардың, ПМПК, облыстық психоневрологиялық диспансер психиатры



мен психотерапевтінің басқа да әдістемелік материалдарын басшылыққа ала отырып, бала жағдайы әбден тұрақталғанша оған психологиялық, психикалық түзету және оңалту көмектері көрсетіледі, қажет болған жағдайда, баланың ата-анасына немесе олардың заңды өкілдеріне де психологиялық көмек көрсетілуі мүмкін.

Психолог жұмысы барысында өзге тұлғалар тарапынан криминалдық іс-қимылдар (суицидқа дейін итермелеу) белгілері байқалған жағдайда, әрі қарай тексеру үшін ішкі істер органдарына дереу хабарлануы тиіс.

Суицид жасауға ұмтылу себептері анықталған кезде жергілікті жұмылдыру тобы кәмелетке толмағанға қажетті көмек көрсетеді.

Тиімді әсер ету мақсатында психолог тікелей баламен жұмыс істеуі қажет, өзге субъектілердің араласуы баланың өзін кінәлі санауына, өз құрдастары тарапынан келекеге ұшырау, ересектер тарапынан қысым сезінуге әкеп соқтыруы мүмкін.

### **Суицид анықталған кезде**

Бала өлімі фактісі бойынша суицид жасалған жерге, тұрғылықты жеріне және оқу орнына болған оқиғаның себептерін уақытылы анықтау үшін жергілікті жұмылдыру тобы шығады. Сондай-ақ, кәмелетке толмағандар туралы заңдылықтарды қадағалау бойынша прокурорға хабарланады (суицидке қатысы жоқ фактілер тіркелуіне жол бермеу мақсатында тәулік уақытына, жексенбі және мереке күндеріне қарамастан хабарланады).

Кәмелетке толмаған өз-өзіне қол жұмсау тіркелген жағдайда ішкі істер органдарымен тергеу амалдары жүргізіледі.

Сондай-ақ, жұмылдыру тобы бала өмірінің соңғы күндеріндегі жағдайларды зерттеп, оны өлімге әкелу себептері мен жағдайлары туралы соңғы шешімге келуі тиіс.

Атқарылған жұмыс нәтижелерінің белгілі бір көрінісі құрылсын және өзге суицидтер немесе соны жасауға ұмтылудың алдын алу бойынша тиісті шаралар қабылдау үшін, баланың білім алған оқу мекемесі мен ішкі істер органдарына ұсыныс хат жіберіلسін.

Тергеудің жүргізілуі және қорытындылары туралы мәліметтер облыстық мобильдік тобына жіберіلسін.

### **№3 қосымша**

*Бірлескен бұйрыққа*

### **Кәмелетке толмағандардың суицид немесе суицид жасауға әрекеттену фактісі тіркелгенде берілетін материалдар тізімі**

Білім басқармасына білім бөлімі келесі құжаттарды ұсынады:

- Сол күні:  
- суицид туралы (суицидке әрекет) қызметтік хат (хабарлама);



•14 күндік мерзімде:

- кәмелетке толмағанның суицид немесе суицид жасауға әрекеттену туралы қызметтік тексерістің қорытындысы;

- кәмелетке толмағанның суицид немесе суицид жасауға әрекеттену фактісіне психологиялық-педагогикалық мінездеме;

- оқиға болғаннан кейінгі күндері кәмелетке толмағанмен жүргізілген психологиялық-педагогикалық қолдау жұмысының есебі (психологиялық дебрифинг жүргізу, балаларға, ата-аналарға, педагогтарға жеке кеңес беру, сынып сағаттарын жүргізу, жасөспірімдердің суицидтік мінез құлқының алдын алу тақырыбында ата-аналар жиналысын, педагогтарға әдістемелік семинар өткізу);

- білім беру ұйымында кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша сараптамалық анықтама.

**№4 қосымша**  
*Бірлескен бұйрыққа*

**БЕКІТЕМІН**

\_\_\_\_\_

(жұмыс берушінің тегі, аты-жөні,

қолы

(оның өкілі)

20 \_\_\_\_ ж « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

**Кәмелетке толмағандардың суицид немесе суицид жасауға әрекеттену фактісі бойынша қызметтік тергеу нәтижесінің актісі**

1. Оқиғаның күні мен уақыты

\_\_\_\_\_

(оқиғаның күні, айы, жылы және уақыты)

2. Оқиғаның болған жері

\_\_\_\_\_

3. Оқу мекемесі

\_\_\_\_\_

4. Тексеруді жүргізген тұлғалар:

\_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, жұмыс орны мен қызметі)

---

---

---

5. Зардап шегуші туралы мәлімет:

Тегі, аты, әкесінің аты

---

---

жынысы (еркек, әйел)

---

Туған жылы

---

мәртебесі (оқушы, студент)

---

6. Оқиға болған жерге (объектіге) қысқаша сипаттама

---

---

---

7. Оқиға түрі

---

---

8. Денесінің зақымданған бөлігіне сипаттама

---

---

9. Суицидке себепкер болған жағдайды сипаттау

---

---

10. Өлім алдындағы хаты (мәтін)

---

---

11. Оқушылар арасында суицидтің алдын алу бойынша мектептің жоспары және оны бағалау

---

---

12. Кәмелетке толмағандар арасында сынып жетекші, әлеуметтік педагог, педагог-психолог және пән мұғалімдері (үлгермеушілік) тарапынан кешенді алдын алу жұмысының жүргізілуі

---

---

13. Білім беру мекемесінің басшысы, басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тарапынан бақылау және басқару шешімдерін қабылдауы, алдын алу қызметіне сараптама

---

---

---

---

14. Суицид фактісі бойынша жүргізілген қызметтік тексерістің қорытындысы

---

---

15. Ұсыныстар (балаға, ата-анаға, білім беру мекемесіне, педагогтерге біліктілігін арттыру курсынан өтуге)

---

---

16. Ұсынылған құжаттардың көшірмесі

---

---

Тексеріс жүргізген тұлғалардың

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты-жөні)

**№5 қосымша**  
*Бірлескен бұйрыққа*

**Суицид немесе суицид жасауға әрекеттену фактісі бойынша  
кәмелетке толмағанның  
психологиялық – педагогикалық мінездемесі**  
*(мектеп психологымен немесе сынып жетекшісімен толтырылады)*

1. Кәмелетке толмаған Т.А.Ж.
2. Жынысы
3. Туғаны жылы, уақыты
4. Ұлты
5. Мекенжайы (тіркелімі, нақты тұрақты жері)
6. Отбасының құрамы ТАЖ (анасы, әкесі, аға-інілері, апа-сіңлілері, үйде тұратын адамдар), олардың жұмысының және оқу орны, лауазымы, туған жылы)
7. Кәмелетке толмаған баланың оқу орны
8. Зиянды қылықтары

Суицидтің мән - жайлары

9. Суицидті жасаған уақыт
10. Суицидтің жасалған орны
11. Суицидті жасаған тәсілі
13. Денесін тапқан уақыты мен мерзімі
14. Денені кім тапты
15. Тікелей себеп (жағдайды баяндау)

16. Қайтыс болар алдындағы жазбалардың болуы және оның мазмұны
17. Бұрын суицид жайлы айтты ма (қашан, кімге, қандай нысанда және себеппен)
18. Суицидті жасаған уақытта ішімдік (есірткілік) пайдаланған мас жағдайы білінді ме?
19. Суицидке дейін (немесе суицид уақытында) баламен болған адамдардың ТАЖ

#### Отбасылық ортасының сипаттамасы

20. Тұқымқуалаушылық:
  - ата-аналар тарапынан соматикалық аурулардың болуы,
  - ата-аналар тарапынан психикалық аурулардың болуы
  - туысқандарда алкаголизмнің (нашақорлық, токсикоманиялық) болуы;
  - отбасында суицидтің болуы.
21. Жазатайым оқиғалар салдарынан жақын туысқандардың мезгілсіз қайтыс болу жағдайы
22. Жақын туыстарының мінез-құлықтарының ауытқушылық нысандары (құқық бұзушылықтарға бейімділігі, агрессивтілігі, әлеуметтік байланыстардағы әлсіз дәрежесі және т. б.)
23. Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларының актісі (әлеуметтік педагогпен нысан бойынша толтырылады)
24. Туған аға –іні және апа-сіңлілерімен қатынасы
25. Отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері

#### Мектепішілік ортасының сипаттамасы

26. Психофизикалық дамуы
27. Оқуға ынтасы
28. Сыныптағы міндеттері
29. Сынып және жалпы мектепішілік ісшараларға қатысуы
30. Сабақтан тыс қызметі (қосымша білім беру ұйымдарында айналысуы, мектептегі үйірме жұмыстары)
31. Сыныптастарымен, құрбыларымен қарым-қатынасы
32. Мұғалімдермен қарым-қатынасы
33. Бейресми топтарға қатысуы
34. Құқықбұзушылық («тәуекел тобы», мектепішілік есеп, ЮПТ есебі)
35. Бос уақытты өткізудің әдеттегі нысаны
36. Достары (сыныптастары, жоғары сыныптағы)
37. Жақын досы бар ма(құрбысы)
38. Қарама-қарсы жыныстағы адаммен қарым-қатынасы
39. Жыныстық қатынаста болуы

Қорытындылар мен ұсыныстар

Қолы

Күні

#### **4. Ақпараттар ағынын қауіпсіз пайдалану**

Қазіргі уақытта өз-өзіне қол жұмсау «культін» қалыптастыруда Интернет ерекше мәнге ие болып отыр. Өмірден кеткісі келетін жандарға толықтай мағлұматтар мен ұсыныс, кеңестер беретін көптеген виртуалды «өз-өзіне қол жұмсау клубтары» бар. Бір жағынан, бұл ресурстардың авторлары қажетсінетін адамдарға психологиялық қолдау жасай отырып, екінші жағынан осы жерде өз-өзіне қол жұмсаудың бірнеше тәсілдері сипаттала жазылады.

#### **«Интернет-сайттарды автоматты түрде мониторингілеу бағдарламасы» пилоттық жобасы**

Қарағанды облысы білім басқармасы басшысының 18.04.2017 жылғы №175 бұйрығына сәйкес 56 облыстық білім беру ұйымдарында (41 колледж бен 7 балалар үйі және 8 мамандандырылған мектеп-интернат) интернет-сайттарды автоматты түрде мониторингілеу бағдарламасы орнатылған (СҚО «ЦИОР Интегро» ЖШС). Бағдарлама арқылы балалардың суицид, зорлық, діни экстремизм және терроризмді насихаттаушы қауіпті сайттарды ашқанын білуге және оларды талдауға болады, сонымен қатар бала денсаулығына зиян келтіретін ақпараттар, үгіт-насиаттардың теріс әсерінен сақтау мәселесіне қоғам назарын аударуға мүмкіндік береді. Кілт сөздерге морфологиялық талдау (мысалы, «суицид», «өлім») жасалады.

#### **БАЛАНЫҢ ДЕСТРУКТИВТІ ИНТЕРНЕТ-ОЙЫНДАРҒА ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ БЕЛГІЛЕРІ**

*Вейсенберг С.Д., балалар психиатр-суицидологы;  
Айдарова А.Б., балалар психологы*

**Баланың деструктивті ойындарға тәуелділікке ұшырағанын түсінуге мүмкіндік беретін, ата-аналардың назар аударуы тиіс белгілер.**

- Тұйықтық
- Көңіл-күйдің түсіңкі болуы
- Өз бөлмесінде компьютер алдында құлаққап киіп жиі отыруы
- Жалған қуаныш
- Ата-анасына өз шаруалары/көңіл-күйі туралы толық әңгімелеп айтқысы келмеу
- Қолында/аяғында/денесінде аса терең емес кесілген орындар
- Киімін сирек ауыстыру
- Жиі жылау
- Қалыпты ұйқыдан кейін де ұйқышылдық/шаршау
- Ашуланшақтық
- Қызбалық

- Қарым-қатынастан қашқақтау, бірақ ылғи емес, ол көбінесе формальді түрде
- Тамақтану дағдысының өзгеруі.

«Гаджеттер», әлеуметтік желілерді қолдану және интернетке қосылуға тыйым салу – бала тәрбиесін тиімді етпейтінін, психикалық денсаулығын жақсартып алмайтынын, баланың әлемге деген көзқарасын өзгертуден күтетін нәтижелерге қол жеткізе алмайтынымызды түсінуіміз керек.

Біз қазір адамзат тарихындағы кейбір нәрселерді ата-аналардан көріп балалар жақсырақ біле алатын алғашқы кезеңде өмір сүріп отырмыз. Тіпті біз баламызға тыйым салсақ та, ол ата-анасымен келіседі, бірақ одан кейін кітапханадағы кез келген компьютерден немесе сыныптасының, я болмаса көршісінің телефонынан «жалған» атаумен өз парақшасын ашып алады да ойына келгеннің бәрін сол жерде жасай береді және біз ол туралы ешқашан білмеуіміз әбден мүмкін.

Компьютерге тәуелділіктің маңызды факторларының бірі мінез қасиеттері – шамадан тыс өкпешіл, ренжігіштік, мазасыздық, депрессияға бейімділік, өзін төмен бағалау, стресске шыдамдылық нашар, қақтығыстарды шеше алмау, қиындықтан қашу.

Компьютерлік тәуелділікке ұшыраған жастар әдетте құрбыларымен және қарама-қарсы жыныстың өкілдерімен қарым-қатынас құра алмайды, ұжымға бейімделуі нашар, ол өз кезегінде өмірлік қиындықтардан виртуалды әлемге кетуіне және біртіндеп компьютерлік тәуелділіктің қалыптасуына алып келеді.

Интернет-ортаға кету дегеніміз өмірдің қатал заңына бейімделудің бір тәсілі болып табылады. Өз көңіл-күйін білдіруде, құрбыларымен немесе жақындарымен қарым-қатынастарда қиындықтар сезіне отырып адам өзін ыңғайсыз жағдайға қалдыратын сәттерден бойын алшақ ұстауға тырысады да неғұрлым ортамен қарым-қатынаста өзін қауіпсіз сезінетін түрін, (мысалы Интернет арқылы) таңдайды. Интернет-орта сонымен қатар нашар көңіл-күй, ауырсыну мен кемсітулерден өзін қорғаудың тәсілі ретінде де қызмет етеді.

Компьютерлік тәуелділіктен зардап шегуші адам өзін жиі жалғыз сезінеді, жақын адамдарының қамқорлығы мен түсіністігіне зәру болады және осыларға байланысты үнемі эмоционалды қысым мен мазасыздық күйінде жүреді. «Мен сондай жаман адаммын, тіпті жақындарым да мені түсінбейді». «Мен жай ғана ұсқынсызбын, сондықтан менің қолымнан ештеңе келмейді». Ондай балалар бәрінен де жақындарының қамқорлығына, әр түрлі өмірлік қиын жағдайлардан шығуда психологиялық қолдауға мұқтаж болады.

Компьютерлік тәуелділік мектептен басталады да, ЖОО-ның алғашқы курстарында, әсіресе өз бетімен шешім қабылдау керек болғанда және стресске төтеп беруі қажет болғанда өз шыңына жетеді.

Компьютерлік тәуелділіктің қалыптасуы көбінесе отбасындағы тәрбие мен қарым-қатынастың ерекшеліктеріне байланысты: шамадан тыс қамқорлық немесе керісінше шамадан тыс талапшылдық пен «жолы

болмайтын бала комплексі», отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы, тіл табысу мен түсінісудегі қиындықтар.

Компьютерлік ойындарда оқиғалар қайталанбайды және жеткілікті түрде қозғалыста, ал ойын процесінің өзі үздіксіз жүретіндіктен адамның ойынға тәуелділігі күшті болмақ. Ойынға толығымен кіруден қандай да бір виртуалды шындыққа, адам үшін күрделі, қозғалысты процеске ойыншының өзі де қатысып жүргенін сезінгендей болады. Компьютерлік ойындардың дәл осы қасиеті ойынға тәуелділікке ұшыраған адамның шынайы өмірдегі қандай да бір әлеуметтік міндеттерді орындауы үшін ойын процесін үзуге мүмкіндік бермейді. Ойынға тәуелділік – ол белгілі бір нақты компьютерлік ойынға ғана тәуелділік емес, ол негізінен психологиялық «шынжырлы реакция» тәрізді. Бәрінен де артық ұнаған қандай да бір жанрдағы ойынды аяқтағаннан кейін компьютерлік тәуелділікке ұшыраған адам психологиялық әсері жағынан одан кем емес және стильдік ұқсастығы бар осындай жанрда жасалған басқа ойынды іздей бастайды, одан кейін осы типтегі ойындардың барлығын (тым болмаса белгілі түрлерін) өтуге құмар болады.

Бала деструктивті ойындарға кірмеуі үшін жұмысты ата-аналардан бастау керек. Балалар – бұл ата-аналардың жүріс-тұрысының және өмірге деген көзқарасының проекциясы. Өмірге ең қажеттіні балалар ең жақындарынан, яғни ата-анасынан алады.

**Бұл маңызды!!!** Ата-ана болудан бақыт сезіну. Баланы оның жеке ерекшеліктерімен және қасиеттерімен қабылдау. Ата-ана болудың мәні бірнешеу – ішкізу, жегізу, оқыту, қорғау. Және бұларды мектепке немесе колледжге аудармау. Оқыту – яғни өмір сүру, тіл табысу, қоғамдасу қабілеттерін, жасампаздыққа үйрету. Егер қолынан келмесе, онда жауапкершіліктен қашпау. Ол жауапкершілікті екінші мәндегі адамдарға – туыстарға және мұғалімге артпау. Тәрбиелеуде қиындықтар туындаса, арнайы мамандарға бару керек. Себебі, балалар отбасында не болып жатқандығын, ата-аналардың өз-өзіне деген, бір-біріне және балаға деген көзқарастарын ерекше сезінеді.

#### **Ата-аналарға не істеуге болмайды:**

- балалар мен жасөспірімдерді айыптау және басу;
- өз баласының психологиялық жағдайына немқұрайдылық көрсету;
- тек жақсы бағалар мен керемет нәтижелерді талап ету;
- баланы өз қиындықтары бар тұлға ретінде қабылдамау;
- балаға өзінің жеке заты ретіндегі көзқараста болу;
- балаға қарасты «саған ненің жақсы болатындығын мен білемін», «сен әлі ештеңе шеше алмайсың (әлі кішкентайсың)» деген сөздерді айту;
- егер бала өз қиындықтары мен уайымдары туралы айтқан болса, онда оған ата-анасы «ой, сен тойғаныңнан секіріп жүрсің», «тек саған көңіл аударғанымды қалайсың», «біздің де басымызда қиындықтар бар, ештеңе етпейді жүрміз ғой» деген сөздермен жауап қайтару.

**Естеріңізде болсын үлкендер, біз бәріміз де бала болғанбыз!**

## Қарағанды қ.

### «Облыстық балалар психоневрологиялық диспансер» КМҚК

Диспансер облыс көлеміндегі балаларға кепіл берілетін ақысыз медициналық көмек көрсету стандарттарының аясында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетеді.

«ОБПД» КМҚК негізгі мақсаты стационар жағдайында 2,5-18 жас аралығындағы балаларға мамандандырылған білікті психиатриялық, наркологиялық, психологиялық, психотерапиялық және логопедиялық көмек көрсету.

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Рысқұлов көшесі  
1. Автобус №: 01, 012, 46, 43, 40, 7.

**Тел:** 8(7212)34-82-74 – тіркеу бөлімі

**Моб.:** 8(7212)34-87-08 директордың қабылдау кабинеті

**E-mail:** [obl-dpno@mail.ru](mailto:obl-dpno@mail.ru)

**Сайт:** [odpnd.kz](http://odpnd.kz)

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР БҒМ тапсырыс бойынша «Сандж зерттеу орталығы» Қоғамдық Қоры дайындаған Қазақстан Республикасындағы балалардың 2017 жылғы жағдайы туралы баяндама, 2017.
2. С.Т. Исалиева Пути эффективного и компетентного решения проблемы суицидальных рисков среди несовершеннолетних подростков //Педагогика және психология. – А.: Ұлағат, 2016. № 1(26), 91-94б.
3. Н.М. Кий Педагогическая профилактика суицидального поведения подростков: дисс. п.ғ.к.:13.00.01.- Петропавловск-Камчатский, 2005. / <http://www.dissercat.com/content/pedagogicheskaya-profilaktika-suitsidalnogo-povedeniya-podrostkov>.
4. Л.В. Миллер Проблема суицидального поведения подростков: экстренная психологическая помощь и превентивные меры в образовательной среде //Заң психологиясы, 2012. № 4 /<http://www.center-bereg.ru/l673.html>.
5. Қазақстанда суицидтік жүріс-тұрыстың алдын алу /<http://doctor.kz/spec/news/2014/09/11/16706>.
6. Ю.Б. Барыльник, Е.В. Бачило, А.А. Антонова Превенция самоубийств и организация суицидологической помощи //Медициналық интернет – конференция бюллетені, 2015. 5-том. № 2. 95-99 б.
7. С.Г. Корчагина Психология одиночества: оку құралы. – М.: МПСИ, 2008. 228 б.
8. А.А. Шаров Современные подходы к психодиагностике суицидального риска //Научное сообщество студентов XXI столетия. Гуманитарлық ғылымдар: студенттердің XIX халықаралық ГПК материалдары бойынша дайындалған мақалалар жиынтығы № 4(19).  
URL: [http://sibac.info/archive/guman/4\(19\).pdf](http://sibac.info/archive/guman/4(19).pdf)



## Суицид туралы фактілер

- Балалар мен жасөспірімдерде суицид туралы ойлардың анда-санда пайда болуын патология деп есептеуге болмайды.
- Балалық және жасөспірімдік кезеңде суицидтік ойлар қалыпты даму процесінің бөлігі болып табылады, әсіресе жасөспірімдер экзистенциалдық мәселелерді шешуі керек болғанда.
- Орта мектептердегі жоғарғы сынып оқушыларының жартысынан көбісі өз-өзіне қол жұмсау туралы ойға берілгендерін мойындайды.
- Жасөспірімдер бұл сұрақтарды ересектермен талқылау мүмкіндігіне ие болғысы келеді.
- Әлемде өз-өзіне қол жұмсау 15-19 жас аралығындағы анағұрлым көп тараған өлім себептерінің алғашқы бестігіне кіреді.
- Көптеген елдерде осы жастағы бозбалалар мен бойжеткендердің өлім себептері бойынша алғашқы немесе екінші орында болып келеді.
- Қыздарға қарағанда, ұлдар көбірек өз-өзіне қол жұмсайды.
- Мұның себептерінің бірі, олар қыздарға қарағанда жіппен асу, қару-жарақ немесе жарылатын заттарды қолдану сияқты зорлық жасалатын тәсілдерге жүгіреді.
- Қыздарда ұлдармен салыстырғанда суицидтік әрекеттерге бару екі немесе үш есе жиі кездеседі.
- Қыздар күйзеліске жиі түседі, бірақ олар өз қиындықтары туралы біреумен бөлісіп, көмек сұрай алады, бұл өз кезегінде өліммен аяқталатын суицидтік ниеттердің орындалуына бөгет бола алады.
- Бозбалалар ашушаң және импульсивті, сонымен қатар алкоголь мен есірткінің әсерінен әр түрлі қадамдарға баруы жиі кездеседі де, одан жағдайдың өлімге әкеліп соғу ықтималдылығы арта түседі.

## Содержание

<b>Введение</b>	<b>51</b>
<b>Глава I. Дети – жертвы суицидов</b>	<b>52-54</b>
<b>Глава II. Суицид, признаки суицидального поведения</b>	<b>55-62</b>
1. Понятие о суициде	55
2. Группа суицидального риска	55
3. Мотивы и причины самоубийств	55-59
4. Шкала суицидальных намерений	59-62
<b>Глава III. Оказание помощи человеку, находящемуся в кризисе</b>	<b>63-67</b>
<b>Глава IV. Профилактика суицидального поведения в школе</b>	<b>68-76</b>
<b>Глава V. Меры по профилактике суицидов в Карагандинской области</b>	<b>77-94</b>
1. Дорожная карта по внедрению Проекта превенции суицидов среди несовершеннолетних в Карагандинской области	78
2. Алгоритмы межсекторального взаимодействия на всех уровнях превенции суицидов	78-81
3. Материалы по работе мобильной группы	82-91
4. Безопасное использование информационных потоков	92-94
Список литературы	95

## ВВЕДЕНИЕ

